

- 1.2. Рынокты талдау (қызмет саласы)
- 1.2.1. Ішкі астық рыногын талдау
- 1.2.2. Әлемдік астық рыногындағы жағдай
- 1.3. 2003-2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау және 2005 жылы күтіліп отырған нәтижелер
- 1.3.1. 2003-2004 жылдардағы қаржылық-экономикалық қызметтің қорытындысы және 2005 жылы күтіліп отырған нәтижелер
- 1.3.2. Мемлекеттік астық ресурстары
- 1.3.3. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві
- 1.3.4. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары
- 1.3.5. Мемлекеттік тұқымдық ресурстар
- 1.3.6. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары
- 1.3.7. Астықты сатып алу
- 1.4. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясына, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес Корпорация өткізетін іс-шаралар
- 1.5. 2006 жыл бөлініп көрсетілген, 2006-2008 жылдарға арналған даму жоспары
- 1.5.1. Мақсаттары мен міндеттері
- 1.5.2. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу жолын таңдау
- 1.5.3. Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша Корпорация жоспарлап отырған іс-шаралар
- 1.5.4. Өндірісті дамыту серпіні
- 1.5.5. Баға мен тариф саясаты және оның негіздемесі
- 1.5.6. Әлеуметтік саланы дамыту
- 1.5.7. Кадр саясаты
- 1.5.8. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынас
- 1.5.9. Қызмет көрсетуші банктермен арадағы қарым-қатынас
2. Корпорацияны дамытудың инвестициялық бағдарламасы
- 2.1. Саладағы инвестициялық ахуалды бағалау
- 2.2. Инвестициялық артықшылықтар және бағыттар
- 2.3. Инвестициялық дамыту жоспары
3. Дамытудың маңызды көрсеткіштері

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ-тың жай-күйі және даму перспективасы

1.1. Кіріспе

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Корпорация) миссиясы мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды және

жаңартуды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астық пен одан өңделген өнімдер бағасының ішкі конъюнктурасын реттеу болып табылады.

Корпорация "Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260 қаулысына сәйкес оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен акционерлік қоғам ретінде құрылды және Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясының құқықтық мұрагері болып табылады.

Ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам түріндегі Корпорация заңды тұлға болып табылады және өз құзыреті шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару агентінің өкілдігін жүзеге асырады. Корпорацияның жарғылық капиталы 7491,6 млн. теңгені құрайды және номиналдық құны 1000 теңге жай атаулы акцияларға бөлінген.

Корпорация 1997 жылғы 11 сәуірде Алматы қаласының әділет басқармасында тіркелген. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ 2004 жылғы 1 сәуірде Астана қаласының Әділет департаментінде "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ болып қайта құрылды.

Корпорация мемлекеттік астық ресурстары мен одан өңделген өнімдерді сатып алу, қалыптастыру, есепке алу, сақтауды ұйымдастыру, жаңарту, ауыстыру, өткізу мақсатында қызмет етеді.

Басқарудың ұйымдастыру құрылымы Корпорацияның рыноктық жағдайға оңтайлы сәйкестігі, сондай-ақ оның қызметінің салалық және функционалдық спецификасына сәйкес қызметкерлердің жұмысын ұтымды құру ескеріле отырып құрылады.

Орталық аппараттың ұйымдық құрылымы Корпорацияның рыноктық жағдайға оңтайлы сәйкестігін, сондай-ақ оның қызметінің салалық және функционалдық спецификасына сәйкес қызметкерлердің жұмысын орынды құруды ескере отырып құрылған.

Корпорацияны басқарудың ұйымдық құрылымына орталық аппарат, облыстардағы 10 өкілдік және шетелдегі 5 өкілдік жатады.

Корпорация төрт еншілес ұйымға және бірлесіп бақыланатын бір кәсіпорындарға қатысушы болып отыр. Корпорацияның еншілес кәсіпорындары - "Ақ-бидай Терминал" АҚ, "Астық қоймалары" ЖШС, "Бидай өнімдері" ЖШС және "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС олардың жарғылық капиталына Корпорацияның 100 пайыз қатысуымен акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылған.

Корпорацияның бірлесіп бақыланатын ұйымдардағы қатысу үлесі "ҚазАстықТранс" ЖШС-те 50 пайызды құрайды.

Директорлар кеңесінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен бекітілген

Корпорация қызметкерлерінің жалпы саны 320 адамды, оның ішінде орталық аппарат 123 адамды құрайды.

Р/с N	Құрылымдық бөлімшелер	Штаттық бірліктер саны
1	Ақтөбе облыстық өкілдігі	3
2	Ақмола облыстық өкілдігі	26
3	Шығыс Қазақстан облыстық өкілдігі	11
4	Батыс Қазақстан облыстық өкілдігі	11
5	Қарағанды облыстық өкілдігі	10
6	Қостанай облыстық өкілдігі	27
7	Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі	22
8	Оңтүстік аймақтық өкілдік	26
9	Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өкілдік	5
10	Астана қаласындағы Іс басқармасы	36
11	Ресей Федерациясындағы өкілдік	4
12	Ұлыбританиядағы өкілдік	4
13	Қытай Халық Республикасындағы өкілдік	4
14	Иран Ислам Республикасындағы өкілдік	4
15	Өзбекстан Республикасындағы өкілдік	4
16	Орталық аппарат (Астана қаласы)	123
	Барлығы:	320

Корпорацияның жоғарғы органы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тұлғасындағы жалғыз Акционер болып табылады.

Корпорацияның Директорлар Кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысымен анықталған.

Корпорацияның атқарушы органы Басқарма нысанында қалыптасқан.

Бақылау органының қызметін Директорлар Кеңесіне тікелей есеп беретін ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Экономикалық қауіпсіздік қызметін құру жоспарланып отыр.

Корпорацияны басқарудың қолданыстағы моделі - Корпорацияның миссиясымен, сондай-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты желілік-қызметтік ұйымдық құрылым.

(Кестені қағаз мәтіннен қараңыз)

1.2. Рынокты талдау

1.2.1. Ішкі астық рыногын талдау

Корпорация тұрақты түрде астық пен одан өңделген өнімдерді зерттеу бойынша маркетингтік зерттеуді өткізеді.

2001-2004 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасы бойынша астықтың орташа жиналымы салмағы бойынша өңдеуден кейін 14,6 млн.тоннаны құрады. (2001 жыл - 15.9 млн.тонна, 2002 жыл - 16,0 млн.тонна, 2003 жыл - 14,8 млн.тонна , 2004 жыл - 11,7 млн.тонна).

Осы кезеңде астықты орташа жылдық экспорты 4,1 млн.тонна деңгейінде белгіленді (2001 жыл - 3,3 млн.тонна, 2002 жыл - 4,4 млн.тонна, 2003 жыл - 5,8 млн.тонна, 2004 жыл - 2,8 млн.тонна).

2004 жылы дәнді дақылдарын егуге арналған егіс алаңдарының көлемі шамамен 14,3 млн.гектарды құрады, бұл 2003 жылмен салыстырғанда 0,4 млн.гектарға көп. Бұл ретте бидайға арналған егіс алаңдары 2003 жылғы 11,3 млн.гектардан 2004 жылы 11,9 млн.гектарға дейін көбейді.

2004 жылы бидай өнімділігі 2003 жылмен салыстырғанда 1 ц/га-ға дейін төмендеді және бір гектардан 9,3 центнерді құрады.

Соңғы үш жылғы талдау астықтың қазақстандық ішкі және экспорттық бағасының әлемдік, атап айтқанда ресей және украинадағы бағаға тәуелділігін көрсетеді. Сонымен, 2002 жылы аталған мемлекеттерде егіннің шығымды болуына байланысты бір тонна қазақстан астығының бағасы ішкі рынокта 70 АҚШ долларынан аспады. Алайда 2002/2003 маркетингтік жыл маусымындағы белсенді экспорттық саясаттың және жоғарыда аталған елдерде 2003 жылғы егіннің біршама бөлігін жинай алмаудың салдарынан сұраныс өсіп отырған кезде астықты ұсыну күрт қысқарды. Осыған байланысты 2003/2004 маркетингтік жылы бір тонна қазақстан бидайының бағасы екі еседен артық өсіп қазақстан астығының бәсекеге түсе алуына әсер етті.

2004/2005 маркетингтік жылы қазақстан бидайы бағасының қалыптасуы негізгі экспортшы елдердегі және тікелей Ресей мен Украинадағы баға жағдайына тәуелді болады.

Қазақстан бидайының бағасын ішкі өткізу бағасын қалыптастыру серпіні

	шіл- де	тамыз	қыр- күйек	қазан	кара- ша	жел- тоқ- сан	қаң- тар	ақпан
2001/02	91,8	82,0	78,7	76,8	73,8	72,5	70,8	70,5
2002/03	59,8	58,3	57,8	61,7	61,4	62,0	61,5	62,3
2003/04	85,7	89,1	109,0	123,8	128,4	138,7	156,0	170,9
2004/05	135,7	121,69	114,29	119,7	112,74	117,26	115,44	113,87

кестенің жалғасы

	наурыз	сәуір	мамыр	шілде
2001/02	68,4	66,2	62,5	60,1
2002/03	66,4	65,5	71,0	80,4
2003/04	174,6	173,1	170,9	154,7
2004/05	111,7	111,0-115,0		

**2002/2003, 2003/2004 жылдардағы және
2004/2005 маркетингтік жылға арналған астық балансы**

Млн.тонна

Жыл	КІРІС*			ШЫҒЫС						
	Астық- тың жиын- тық ұсы- нымы	Ауыс- палы қалдық	Егін- нен түс- кен астық	Ішкі тұтыным				А с - тыққа ауыст- рыл- ған ұнды қоса алған- дағы астық экc- порты	Бас- қ а шы- ғыс- тар мен шы- ғын- дар	Ауыс- палы қал- дық
				Азық- түлік қажет- тілі- гіне	тұ- қым	жем	өн- ді- ріс- тік қай- та өң- деу			
2002/ 2003	20,3	4,3	16,0	4,1	1,9	3,0	0,3	5,4	1,1	4,5
2003/ 2004	17,4	2,6**	14,8	3,8	2,0	2,9	0,4	4,1	0,5	3,7
2004/ 2005 (бол- жам)	15,3	2,9***	12,4	3,0	2,0	2,9	0,3	3,2	0,5	3,5

* ҚР АШМ мониторингінің деректері бойынша

** есеп деректерінің аймақтардағы астықтың нақты санынан ауытқып берілгені туралы бес облыстың растауына сәйкес деректер түзетілді (Ақмола - 0,6, Ақтөбе - 0,07, Қостанай - 0,5, Павлодар - 0,2, Солтүстік Қазақстан - 0,5 млн. теңге.)

*** деректер астықтың санын түгендеудің қорытындысына сәйкес түзетілді

Республикадағы ауылшаруашылығы өндірісінің негізгі дақылы - өндіру көлемі 2004 жылы шамамен 9,9 млн.тоннаны (2003 жылы 11,5 млн.тонна) құраған азық-түліктік бидай. Еліміздің астық қабылдау кәсіпорындарына сақтау үшін түскен 4,7 млн.тонна көлеміндегі бидайдың сапалық құрамы мынадай б о л д ы :

1 сыныпты жұмсақ бидай

- 0,3%;

2 сыныпты жұмсақ бидай	- 3,2%;
3 сыныпты жұмсақ бидай	- 86,3%;
4 сыныпты жұмсақ бидай	- 5,7%;
5 сыныпты жұмсақ бидай	- 0,8%;
сыныпқа жатқызылмаған жұмсақ бидай	- 3,7%.

Негізгі өндірілетін дақыл - 3 сыныпты жұмсақ бидай маңыздылығы бойынша мына	мөлшерде	дайындалды:
маңыздылығы 23-24%		- 1 697 100 тонна;
маңыздылығы 25-28%		- 1 876 900 тонна;
маңыздылығы 28 %		- 499 900 тонна;

2003/2004 маркетингтік жыл маусымында қазақстан астығының экспорты шамамен 4,1 млн.тоннаны құрады, 2002/2003 маркетингтік жыл маусымындағы экспорттан 1,3 млн.тоннаға аз (5,4 млн.тонна).

Жалпы рыноктағы Корпорацияның бәсекелестері мен оның үлесі

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес Корпорация мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі жалғыз агент болып табылады және осы салада оның бәсекелестері жоқ.

Сонымен қатар Корпорация мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша оған жүктелген функциялар шегінде астық сатып алуды және ішкі рынокта өткізуді, әрі экспортқа да шығаруды жүзеге асырады. Бұл ретте қызметтің осы түрі бәсекелестік жағдайында жүзеге асырылады.

Сыртқы рыноктардағы бәсекелестікті бағалау көбіне жалпы астық саласындағы бәсекелестік басымдықтарға байланысты. Қазақстан жетекші өндіруші елдерге қарағанда өндіріс факторларының бағасы төмен болғандықтан бәсекеге түсу қабілеті жоғары астыққа ие. Австралия, Германия, Канада, АҚШ және Францияда бір тонна астықтың бағасы 80 доллардан 130 долларға дейін болып отырған кезде Қазақстан астығының бір тоннасының бағасы 40-60 долларды құрайды. Астықтың төмен өзіндік құны елдің де, және ондағы компанияларында бағалық бәсекеге түсу қабілетін көтереді. Оның сыртында Қазақстанда бірқатар табиғи артықшылықтар бар - бұл сапалы бидайды өсіру үшін қолайлы ауа райы жағдайы, Сібірдегі, Қытайдағы және Орталық Азиядағы перспективті рыноктарға жақындығы. Одан өзге астыққа деген әлемдік сұраныстың орнықтылығы байқалып отыр, бұл әлемдік тұтынудың алға озуымен байланысты.

Ішкі рыноктағы бәсекеге түсу қабілеттігін бағалау саладағы капиталдың топтастырылуына, жаңа компанияларға болатын кедергілерге байланысты. Әлеуетті тапсырушылар бірқатар кедергілерге жолығады - бұл егістік жерлердің,

астық сақтайтын қоймалардың шектеулілігі, астықты өндіру мен сату кезінде аса тиімді кең ауқымды өндірісті ұйымдастыру үшін капиталдың жетіспеушілігі. Корпорацияның астық өндірумен айналысатын басқа астық рыногына қатысушыларға қарағанда қауіпке ұшырауы біршама аз. Корпорация сауда операциялары масштабтарындағы экономика есебінен (рыноктағы үлесі 15%) қосымша пайда табады. Сауда қызметін диверсификациялау үшін мүмкіндіктері бар (құрама жем, жанар-жағар май, техникалар, астықты дайындап өңдеу және сақтау қызметін көрсету).

Негізгі клиенттер (тұтынушылар, тапсырысшылар)

Корпорацияның негізгі клиенттері болып ауылшаруашылығы тауар өндірушілері - көбіне шаруа қожалықтары; астықты қайта өңдейтін кәсіпорындар; құс және мал шаруашылығы кәсіпорындары; астық трейдерлері астық қабылдау кәсіпорындары болып табылады.

Мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тұлғасындағы мемлекет болып табылады.

1.2.2. Әлемдік астық рыногындағы жағдай

Халықаралық Астық кеңесінің деректері (бұдан әрі - ХАК) бойынша 2004/2005 маркетингтік жылы әлемдік бидай өндірісін бағалау 625 млн.тоннаны құрайды, бұл 2003/2004 маркетингтік жылға қарағанда 70 млн.тоннаға көп. Мұндай көбею көбіне ЕҚ (299 млн.тоннаға), ТМД (24,8 млн.тоннаға), Индия (7 млн.тоннаға), Қытай (4 млн.тоннаға) елдерінде ішкі бидай өндірісінің біршама өсуімен байланысты. Бұл ретте Австралия (5,3 млн.тоннаға) және АҚШ (5,1 млн.тоннаға) секілді жетекші бидай өндіруші елдерде өндірістің қысқаруын атап өту қажет, бұл уақытта қалған елдерде бидай өндірісі ерекше өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Бидай өндірісі болжамдарына қатысты 2005/2006 маркетингтік жылы мына жайды атап өту керек. Егіс алаңдары және солтүстік жартышардағы дақылдардың қысқы сорттарын егуді дамыту туралы алдын ала жасалған ақпаратты ескере отырып бидай өнімінің көрсеткіштері орташа болады және жалпы алғанда әлемдік бидай өндірісінің көлемі өткен жылғы рекордтық деңгейге қарағанда төмендейді деген қорытындыға келуге болады.

Негізгі астық өндіруші елдердегі бидай өндірісі бойынша деректер

млн.тонна

			2004/2005	МЖ	мен
			2005/2006	МЖ	

Ел	2004/2005МЖ (бағалау)	2005/2006МЖ (болжам)	ар асы н да ғы айырмашылық
ЕҚ	136,1	123,4	-12,7
Қазақстан	10,0	11,0	+1,0
Ресей	45,3	49,0	+3,7
Украина	17,5	19,0	+1,5
Канада	25,9	24,7	-1,2
АҚШ	58,7	59,0	+0,3
Аргентина	16,0	13,0	-3,0
Иран	14,0	14,0	-
Түркия	18,0	17,0	-1,0
Қытай	91,0	96,0	+5,0
Индия	72,1	72,0	-0,1
Пакистан	19,0	20,0	+1,0
Австралия	20,4	22,0	+1,6

Жалпы алғанда ХАК 2004/2005 маркетингтік жыл маусымымен салыстырғанда (623,2 млн.теңге) 2005/2006 маркетингтік жылы әлемдік бидай өндірісінің 13,8 млн.тоннаға төмендеуі болжанып отыр.

Бидайды әлемдік тұтыну және оның ауыспалы запастары

2004/2005 маркетингтік жылы бидайды әлемдік тұтыну көлемінің болжамы 604,8 млн.тоннаны құрады, бұл осының алдындағы маркетингтік жыл деңгейінен (611,4 млн.тонна) 6,6 млн. тонна төмен. Бұл ретте бидайды жемдік мақсатқа пайдалану алдыңғы маркетингтік жылы 106 млн.тоннаны құрады, бұл алдыңғы жыл деңгейінен 15 млн. тоннаға жоғары.

Сондай-ақ 2004/2005 маркетингтік жылы бидайды жемдік мақсатта әлемдік тұтыну соңғы бес жыл ішіндегі орташа көрсеткіштермен салыстырғанда 8 млн.тоннаға артқанын, бірақ әлемдегі, атап айтқанда ТМД елдеріндегі мал басы одан кейінгі барлық жылдар деңгейінен біршама жоғары болғанда 133 млн.тоннаны құраған 1990/1991 маркетингтік жылғы рекордтық деңгейден біршама төмен болғанын атап өту керек.

2004/2005 маркетингтік жылға арналған әлемдік запастар көлемінің болжамы 137 млн.тоннаны (өткен жылы 125 млн.тоннаны) құрады, бұл соңғы бес жыл ішіндегі бірінші жоғарылау болып табылады.

**2004/2005 маркетингтік жылы
әлемдік астық рыногындағы бидай саудасы**
(Диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз)

Әлемдік сауда көлемі 2004/2005 маркетингтік жылы 101,3 млн.тоннаны құрайды. Мұндай көбею Таяу Шығыс пен Тынық мұхит аймағындағы елдердің импорттық тұтынуының өсуімен байланысты.

ХАК-тің (ХАК) бидайдың әлемдік саудасы болжамы жаңа маусымда шамамен 108 млн.тоннаны құрайды. Бұл бәрінен бұрын әлемдегі бидай өндірісінің төмен болжамынан туып отыр. Алайда негізгі импортшы Қытай үшін 2005/06 жылы импорт болжамы 3 млн.тоннаға - 4 млн.тоннаға дейін төмендеді. Марокко мен Нигерия үшін бидайды шығару болжамы 0,8 млн.тоннаға көтерілді.

ХАК-тың болжамы бойынша жаңа маусымда Аргентинадан бидайды экспортқа шығару 5,1 млн.тоннаға - 8 млн.тоннаға дейін төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар ЕҚ-тан экспортқа шығару 2004/05 жылдарға қарағанда 2 млн.тоннаға жоғары болжанып отыр. Қазақстандық және украиндық бидайдың экспорты тиісінше 1,8 және 1 млн.тоннаға өсуі мүмкін.

Егер болжамның деректері іске асатын болса, онда бұл Жерорта теңізі бассейнінде бәсекелестіктің күшеюін білдіреді.

Қазақстан астығын экспортқа шығару

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2003/2004 маркетингтік жылы қазақстан астығын экспортқа шығару әлемдегі 23 елде 4,1 млн.тоннадан артық астықты құрады, бұл 2002/2003 маркетингтік жылмен (5,2 млн.тонна) салыстырғанда 21%-ға аз. 2003/2004 маркетингтік жылы астықты экспортқа шығару көлемі бойынша Қазақстан 7-ші орын алды. 2003/2004 маркетингтік жылы мына мемлекеттер қазақстан астығының ірі импортшылары болды: Украина - 1809,2 мың тонна, Ресей - 990,1 мың тонна, Әзірбайжан - 644,5 мың тонна, Сауд Аравиясы - 163,1 мың тонна.

Жоғарыда көрсетілген көлемнің 437,28 мың тоннасын Корпорация экспортқа шығарды.

Экспорт бойынша Корпорацияның деректері тонна

Елдер	2000/ 2001	%	2001/ 2002	%	2002/2003	%	2003/ 2004	%
Ресей	67496	31	-		40723	5	34857	8
Иран	48529	22	67481	38	-		-	
Өзбекстан	100210	47	99810	57	-	-		
Италия	-		-		158486	19	-	
Иордания	-		-		389693	46	-	
Судан	-		-		87719	10	-	

Румыния						24239	6
Түркия	-		-		29091	3	-
Ауғанстан	-		9000	5	-	-	
Бельгия	-		-		37413	4	-
Тунис	-		-		53472	6	-
Украина	-		-		21389	2	303558
Беларусь	-		-		-	-	
Әзірбайжан	-		-		10059	1	23642
Молдова						11200	3
Монғолия	-		-		-	-	
Сауд Аравиясы	-		-		39653	4	39787
ЖИЫНЫ:	216235		176291		867698		437283

Корпорацияның экспорт саясатының маңызды бағыттарының бірі бұрыннан шығып жүрген өткізу рыноктарындағы айқындаманы нығайту және жаңа рыноктарды игеру болып табылады.

Корпорация соңғы жылдар ішінде қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау және астық экспортын кеңейту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді:

1) бірінші рет, қазақстан астығын экспортқа шығару тарихында Грузияға шамамен 8,0 мың тонна астық тиеп жіберілді. Түркияға астық жіберу қайтадан жандандырылды. 2003/2004 маркетингтік жылы ең ірі астық сатып алушы 303,5 мың тонна астықты импортқа алған Украина болды;

2) 2004 жылы қазақстан астығының экспортын кеңейту жоспарының шеңберінде шет елдік астық компанияларымен, трейдерлермен белсенді түрде байланыс орнатып, өткізу рыногын зерттеп отыратын Корпорацияның Өзбекстанда, Ресейде, Иранда және Қытайда шет елдегі өкілдіктері құрылды;

3) Иранда азық-түліктік астықпен өзін-өзі қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылғанына, соған сәйкес осы бағытқа астықты экспортқа шығару бұдан былай қысқарғанына қарамастан Иран Қазақстан Республикасымен серіктестік қарым-қатынасын сақтап отыр. Атап айтқанда, үкіметаралық деңгейде екі мемлекет 1 млн.тоннаны ауыстыру бойынша SWAP сапалы операцияларын өткізу мүмкіндігі туралы ниеттерін білдірді. Бағалық және қалалық өтеу механизмі реттелгеннен кейін Қазақстанның Иран аумағы арқылы Солтүстік Африка мен Парсы шығанағы елдеріне астық тиеп жіберу мүмкіндігі п а й д а б о л а д ы ;

4) Ақтау портындағы астық терминалының иесі болып табылатын "Ақ-бидай Терминал" АҚ 2004 жылы пайдалануға енгізілген мезеттен бастап бірінші рет 14 мың тонна астықты өткізуді жүзеге асырды.

1.3. 2003-2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау

1.3.1. 2003-2004 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметінің жиынтығы және 2005 жыл ішінде күтілетін нәтижелер

2003 жылғы дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен жалпы табыс 34602,8 млн.теңгені құрады, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен табыс - 9284,9 млн. теңге ;
- өз қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты табыстар - 25317,9 млн. теңге .

2003 жылы жалпы шығыстар 33431,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан болған шығыстар - 9243,4 м л н . т е ण г е ;

- өз қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты шығыстар - 24188,3 млн.теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 405,8 млн.теңге. 2003 жылғы салық салынатын табыс 1171,2 млн.теңгені құрады. Корпоративтік табыс салығына байланысты шығыстар 385,6 млн.теңгені құрады. Таза табыс 785,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік ресурстарды басқаруға байланысты 12,3 млн.теңге, өз қызметі бойынша таза табыс 773,3 м л н . т е ण г е .

2003 жылы бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер 2003 жылы бюджетке 705,7 млн.теңге сомасында салықтар мен басқа міндетті төлемдер аударылды, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 550,6 млн.теңге, әлеуметтік салық 74,1 млн.теңге, жер салығы 1,4 млн.теңге, мүлік салығы 2,87 млн.теңге сомасында, көлік салығы - 1,51 млн.теңге, жеке табыс салығы 74,2 млн.теңге, өзге салықтар мен алымдар - 1,02 млн.теңге.

2004 жылы 2003 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация республикалық бюджетке 386,6 млн.теңге сомасында дивидендтер аударды, бұл 2002 жылғы көрсеткіштен 2,1 есе асып түседі және таза табыстың өсуімен б а й л а н ы с т ы .

2004 жылы Корпорацияның жалпы табысы 34485,9 млн.теңгені құрады, оның і ш і н д е :

- мемлекеттік ресурстар бойынша қызметтен түскен табыс 3464,7 млн.теңгені қ ұ р а д ы ;

- өз қызметінен түскен табыс 31021,2 млн.теңге, оның ішінде: 2004 жылғы Корпорацияның жалпы шығыстары 33665,59 млн.теңгені құрады

о н ы ң і ш і н д е :

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен шығыстар - 34221,63 млн

т е ң ғ е ;

- өз қаржы-шаруашылығы қызметіне байланысты шығыстар - 30243,96 млн.теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 521 млн.теңге.

2004 жылдағы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Корпорация 559,2 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алды, оның ішінде мемлекеттік ресурстар бойынша қызметтерден түскен табыс 10,2 млн.теңге, өз қызметінен түскен табыс 549 млн.теңге мөлшерінде. 2004 жыл үшін Корпорация белгіленген тәртіппен мемлекеттік акциялар пакетіне 274,5 млн.теңге мөлшерінде дивидендтер аударды.

Корпорация қызметінің рентабелділігі тікелей ауыл шаруашылығы спецификасымен байланысты, яғни табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді.

2004 жылы бюджетке барлығы 530,8 млн.теңге сомасында салықтар мен басқа да міндетті төлемдер аударылды, оның ішінде корпоративтік табыс салығы - 386,28 млн.теңге сомасында, әлеуметтік салық - 58,8 млн.теңге, жер салығы - 1,21 млн.теңге, мүлік салығы - 4 млн.теңге, көлік салығы - 1,22 млн.теңге, жеке табыс салығы - 45 млн.теңге, төлем көздерінен төленетін табыс салығы - 33,5 млн.теңге, өзге салықтар мен алымдар - 0,74 млн.теңге.

2004 жылдағы Корпорацияның таза табысы 2003 жылмен салыстырғанда 28,8%-ға азайды, бұл астық рыногының қалыптасқан конъюнктурасына және алынған кредиттер бойынша сыйақылар түрінде шығыстардың көбеюіне б а й л а н ы с т ы .

Бағалау деректері бойынша 2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы кірістер мен шығыстардың 4%-ға өсуін күтілуде және бұл мемлекеттік астық ресурстарын сату көлемінің 2 есе артық өсуіне байланысты.

Бұл ретте 2005 жылы 2004 жылмен салыстырғанда коммерциялық астық ресурстары көлемін сатудың аз ғана төмендеуі күтіліп отыр (1%), бұл өз кезегінде кірістердің азаюын және де тиісінше шығыстардың да азаюын туғызады. Сатып алу бағаларының азаюы мен көлемдердің азаюы есебінен коммерциялық астық ресурстарының өзіндік құнының 9%-ға төмендеуі күтіліп о т ы р .

2005 жылға жалпы табыс 38380,21 млн.теңге мөлшерінде жоспарланды, оның і ш і н д е :

- мемлекеттік ресурстарды басқарудан түскен табыстар - 7703,25 млн. теңге;

- өз қызметіне байланысты табыс - 30676,986 млн.теңге.

2005 жылға жалпы шығыстар 37577,97 млн.теңге мөлшерінде жоспарланды, о н ы ң і ш і н д е :

- мемлекеттік астық ресурстарын басқаруға байланысты шығыстар - 7688,03

млн. теңге ;

- өз қызметіне байланысты шығыстар - 29889,94 млн.теңге.

2005 жылдағы салық салынатын табыс 802,24 млн.теңге мөлшерінде жоспарланды .

2005 жылы 561,57 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр, оның ішінде өз қызметінен түскен таза табыс 550,93 млн.теңгені, мемлекеттік ресурстарды басқарудан түскен табыс 10,64 млн.теңгені құрайды.

2005 жылға Корпорация мемлекеттік акциялар пакетіне 275,5 млн.теңге мөлшерінде дивидендтер аударуды ұйғарып отыр.

2005 жылы бюджетке барлығы 379,97 млн.теңге сомасында салықтар мен басқа да міндетті төлемдер аударылды, оның ішінде корпоративтік табыс салығы - 240,67 млн.теңге, әлеуметтік салық - 54 млн.теңге, жер салығы - 1,3 млн.теңге, мүлік салығы - 4,41 млн.теңге, көлік салығы - 1,37 млн.теңге, жеке табыс салығы - 41,58 млн.теңге, төлем көздерінен табыс салығы - 35,9 млн.теңге табыс салығы, 0,74 млн.теңге басқа салықтарды аудару жоспарланып отыр.

1.3.2. Мемлекеттік астық ресурстары

"Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 143-ІІ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік астық ресурстарына:

мемлекеттік азық-түліктік астық резерві;

мемлекеттік жемдік астық ресурстары;

мемлекеттік тұқымдық ресурстар;

мемлекеттік сатылатын астық ресурстары жатады.

2005 жылғы 1 шілдеде жағдай бойынша Корпорация 656,199 мың тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырды, оның ішінде мемлекеттік азық-түліктік астық резерві - 500,0 мың тонна, мемлекеттік тұқымдық ресурстар - 51,775 мың тонна, мемлекеттік сатылатын астық ресурстары - 104,424 мың тонна.

Мемлекеттік астық ресурстары республиканың 53 астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылған.

Сақталып отырған астықтың сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Корпорация қызметкерлері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық басқармаларының мемлекеттік астық инспекторларының қатысуымен бекітілген кесте бойынша өкілетті астық қабылдау кәсіпорындарындағы мемлекеттік астықтың барлығын тексеруді үнемі жүргізеді. Тексеру барысында мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің жетіспеушілік деректері анықталған жоқ.

1.3.3. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві

Стихиялық апат, соғыс, егіннің шықпай қалуы және басқа форс-мажор жағдайлары болған кезде мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

үшін мемлекеттік азық-түліктік астық резерві құрылады. Бұл ретте ең аз резерв халықты астықпен және одан өңделген өнімдермен қамтамасыз етуге кепілдік б е р у і т и і с .

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мемлекеттік резерв 500 мың тонна көлемінде қалыптасты. Жалпы көлемнің 1,752 мың тоннасы (0,3%) 2002 жылғы егіннің астығы, 137,390 мың тоннасы (27,5%) 2003 жылғы егіннің астығы, 360,858 мың тоннасы (72,2%) 2004 жылғы егіннің астығы.

Мемлекеттік астық резерві Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарындағы 35 астық қабылдау кәсіпорындарында орналасқан.

2002-2005 жылдардағы егін өнімі бойынша мемлекеттік азық-түліктік астық резервтерінің құрылымы

(Диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз)

1.3.4. Мемлекеттік жемдік астық ресурстары

Мемлекеттік жемдік астық ресурстары мал және құс шаруашылығының мал азығына мұқтаждығын қамтамасыз етуге арналған.

"2005 жылғы мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" 2005 жылғы 4 ақпандағы N 104 (бұдан әрі - 104) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 2005 жылға мемлекеттік жемдік астық ресурстарының көлемі 5000 тонна мөлшерінде белгіленді.

1.3.5. Мемлекеттік тұқымдық ресурстар

2005 жылғы егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сортты тұқымдармен қамтамасыз ету мақсатында "2005 жылға мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" 104 қаулымен 100 мың тонна көлемінде мемлекеттік тұқымдық ресурстарды қ а л ы п т а с т ы р у к ө з д е л г е н .

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 109 бұйрығымен 2005 жылғы егіс жұмыстарын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тұқымдық ресурстарды пайдалану ережесі бекітілді.

100 мың тонна көлеміндегі мемлекеттік тұқымдық ресурстар толық көлемде сортты тұқымдардан қалыптастырылды. Корпорация жыл сайын тұқымдық несиені беруді жүзеге асырады. Ресми баспасөз басылымдарында несиеге тұқым беру және мемлекеттік ресурстардан тұқым сату туралы хабарландырулар ж а р и я л а н д ы .

2005 жылғы көктемгі-жазғы кезеңінде отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен 50,298 мың тонна сортты тұқымдар алуға өтінімдер түсті.

1.3.6. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары құрылып ішкі рынокты реттеуге, астықты экспорттық жеткізуді қамтамасыз етуге, ішкі рынокта сатуға,

гуманитарлық көмекті көрсету және мемлекеттік азық-түліктік астық резервін, мемлекеттік тұқымдық ресурстарды және мемлекеттік жемдік астық ресурстарын жаңартуға арналған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 104 қаулысымен 2005 жылға 465 мың тоннаға дейінгі мөлшерде мемлекеттік сатылатын астық ресурстарының көлемі белгіленген.

Аталған қаулыға сәйкес мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын сату тауарлық биржада және/немесе ашық тендерлерді өткізу арқылы жүргізіледі.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ішкі рынокта 397,011 мың тонна астық өткізілді.

1.3.7. Астықты сатып алу

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту және отандық ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында Корпорация 1998 жылдан бастап тұрақты түрде 500 мың тонна шегінде мемлекеттік астық сатып алуды жүргізеді.

Астықты сатып алудың көлемі мен бағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысына сәйкес белгіленеді.

Одан өзге, 2002 жылдан бастап Корпорация өнімді өткізуде отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау, мемлекеттің экспорттық саясатын үйлестіру, қазақстан астығына баға демпингін болдырмау және ауыл шаруашылығы өндірісіне сырттан қосымша инвестициялар тарту мақсатында астық сатып алуды сырттан тартылған кредиттік ресурстар есебінен жүзеге асырады (бұдан әрі - коммерциялық сатып алу).

2001 жылдан бастап Корпорация астық сатып алуды екі этаппен жүргізеді: көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы.

2001-2004 жылдар кезеңі ішінде қатысушылардың - ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері санының өскендігін атап өткен жөн.

Корпорация өткізген астықты сатып алуға қатысқан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері санының өсуі

(Диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз)

2004 және 2005 жылдардағы егін астығын мемлекеттік сатып алу

2004 жылы "2004 жылы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысына сәйкес мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу жүргізілді.

Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 6208 млн.теңге мөлшерінде ақша қаражаты бөлініп толық көлемде игерілді.

Осылайша осы бағдарлама бойынша мемлекеттік ресурстарға 464 мың тонна астық сатып алынды, оның ішінде:

- көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы:

2005 жылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне кредит беру

2005 жылы Корпорацияның жарғылық капиталын толтыруға республикалық бюджеттен 7000 млн.теңге бөлінді. Осы қаржы құралдары өндірісті қолдау және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің рыногын дамыту шеңберінде 2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын өткізуге пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 52 қаулысымен "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының қарыз алушыға 2005 жылғы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын өткізуді ұйымдастыруға ақша қаражатын беру Ережесі бекітілді.

Жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес барлық облыстарда әкімшіліктер жанынан қарыз алушыларды таңдайтын жұмыс тобы құрылды. Республикалық баспасөз басылымдарында қаржыландыру шарттары жарияланды. Бұл ретте қаржыландыру көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын өткізу үшін қарыз алушыға қарыз беру жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасында өндіру үшін артықшылығы бар ауыл шаруашылығы дақылдарының ұсынылып отырған тізбесін, сондай-ақ әрбір облысқа жеке-жеке қаржыландыру сомасын анықтады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен түскен өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша облыстық жұмыс топтары қарыз алушылардың тізбесін қалыптастырып кейін шарт жасау үшін Корпорацияға тапсырады.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Корпорация 6985,357 млн.теңге сомасына 1893 қарыз беру шарттарын жасады.

Корпорация қарыз алушылардан, я болмаса Корпорация анықтаған ұйымдардан екінші деңгейдегі банктер шығаратын міндеттемелердің орындалу кепілдіктерінің келіп түсу шамасына қарай ақша қаражатын қарыз алушының есеп шотына аударды.

Жасалған қарыз алу талаптарына сәйкес қарызгерлер алған қарызды ақша қаражатымен 2005 жылғы 20 желтоқсанға дейін қайтарылады.

1.4. 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясына (бұдан әрі - Стратегия) сәйкес Корпорация өткізетін іс-шаралар

Стратегияның басты мақсаты шикізат ретіндегі бағыттан кетуіне септігін тигізетін экономика саласын диверсификациялау жолымен елдің орнықты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдайларды дайындау болып табылады.

Стратегияда сол сияқты "Экономиканың шикізат секторын дамыту Үкіметтің тиісті салалық және секторлық бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатыны"

атап көрсетілген. Корпорация үшін мұндай бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген 2003-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өнімдері мен одан өңделген өнімдерді ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайтудан тұрады.

Астық еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігінің негізгі компоненті болып табылады. Негізгі экспортқа шығарылатын дақыл - бидайды өндіру көлемі 1996-1998 жылдары 7,1 млн.тоннадан 1999-2004 жылдарда 11,0-11,5 млн.тоннаға дейін өсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруды дамыту жақын арадағы жылдардың басым бағыттарының бірі болып табылады және Корпорация қазіргі уақытта осы бағытта мақсатты жұмыстарды жүргізеді. Астықты және одан өңделген өнімдерді өткізу рыноктарын зерттеп игеру үшін Корпорация шет елдерде - Ресейде, Ұлыбританияда, Қытайда, Иранда және Өзбекстанда ө к і л д і к т е р і н а ш т ы .

Экспортқа сату көлемін көбейту және астықтың ішкі рыногын тұрақтандыру мақсатында Корпорация коммерциялық астық сатып алуды қаржыландырудың қосымша көздерін іздеу жұмыстарын жүргізді. Жетекші еуропалық банктер Үкіметтің кепілдігінсіз Корпорацияға өте төмен пайызбен кредиттер берді, бұл өз кезегінде Корпорацияға бюджеттен бөлінетін қаржыны тартпай-ақ біршама көлемде астық сатып алуды жүргізуге мүмкіндік берді. Несиелік пайызды төмендету ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен аса жоғары бағамен астық сатып алуды жүргізуге мүмкіндік берді, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге экономикалық жағынан пайдалы:

Корпорация коммерциялық астық сатып алуды жүзеге асыру үшін 2004 жылдың басында шет елдік банктерден 105 миллион АҚШ доллары мөлшерінде синдикатталған қарызды алу үшін қазақстандық және шет елдік банктердің арасында конкурс өткізді. Нәтижесінде Credit Swiss First Boston Int банкімен бірлесе отырып Корпорацияға аса пайдалы шарттармен: өте аз сыйақы бағамымен (4,29%) және қарызды өтеудің өте көп кезеңімен - 2 жыл, синдикатталған қарызды ұйымдастырған "Казинвестбанк" акционерлік қоғамы тендер жеңімпазы болып табылады;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыру үшін 2004 жылдың аяғында Корпорация Rabobank International, Societe Generale және Citibank ірі шет елдік банктерімен 50 млн. АҚШ доллары сомасына кредиттік келісімдер жасады, 2005 жылдың бірінші жартысында INC, BNP Paribas, City bank, HSBC секілді банктерден 43 млн. АҚШ доллары сомасында қарыз алынды;

2004 жылғы ақпанда Корпорация бір жыл мерзімімен 5000 млн.теңге

сомасына қайта есепке алу лимитімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚРҰБ) бірінші сыныпты векселдерінің эмитенті мәртебесін алды, осыған байланысты ҚРҰБ-нің Бірінші сыныпты эмитенттер бағдарламасын қолдана отырып кепілдікпен қамтамасыз етуді ұсынбай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен есеп айырысу үшін векселдерді эмитациялау мүмкіндігі пайда болды. Векселдерді шығару 2004 жылғы егіннің астығын көктемгі-жазғы сатып алуды қаржыландыру үшін арнайы жүзеге асырылды.

2005 жылғы қаңтарда 10,0 млрд.теңгені қайта есепке алу лимитімен бірінші класты эмитенттер мәртебесі куәландырылды.

Корпорация 2004 жылғы егіннің астығын күзде сатып алуды қаржыландыру үшін пайдаланылған 3000 млн.теңге сомасында облигациялардың бірінші эмиссиясын Қазақстан қор биржасына орналастырды.

Жалпы алғанда Корпорация өткізген жұмыстар елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайтуға ықпалын тигізеді.

1.5. 2006 жыл бөлініп қаралған 2006-2008 жылдарға арналған дамыту ж о с п а р ы

2006-2008 жылдардағы қызметтің негізгі бағыттары "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 143-ІІ заңына, "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, ауыстыру және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына, "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық орта мерзімді даму жоспарын әзірлеу ережесін бекіту туралы" 2 0 0 2 ж ы л ғ ы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Корпорацияға жүктелген негізгі міндеттерден туындайды.

1.5.1. Мақсаттар мен тапсырмалар

Корпорация қызметінің негізгі мақсаттары Қазақстанның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасының демпингін болдырмау, астықты өткізу рыногын кеңейту болып табылады.

Негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін Корпорацияның алдында мынадай м і н д е т т е р т ұ р :

- мемлекеттік астық ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету;
- отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен жыл сайын астық с а т ы п а л у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;
- әлемдік рынокта қазақстан астығын жылжыту және дәстүрлі рыноктардағы айқындаманы нығайту.

1.5.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

1. Мемлекеттік астық ресурстарын басқарудың тиімділігін мына жолдармен

а р т т ы р у :

мемлекеттік астық резервін жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік ресурстарға екі деңгейлі астық сатып алу сұлбасын дамыту және жетілдіру;

тұқымдық несиені қалыптастыру және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тұқымдық несиені беру тәртібін жетілдіру;

мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтауды қамтамасыз ету бойынша і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е у ;

ірі астық компаниялары мен ұсақ (орташа) шаруашылық субъектілері жеткізетін астық көлемінің қатынасын 50-ге 50 қатынасына жеткізе отырып сатып алу бағдарламасына көп мөлшерде ұсақ және орташа шаруа қ о ж а л ы қ т а р ы н т а р т у ;

қазақстан астығын іске асыру тиімділігін арттыру, оның ішінде оны тасымалдау проблемаларын шешу жолымен.

2. Ішкі рыноктағы астық бағасын реттеу мына жолдармен жүзеге асырылады:

астық пен одан өңделген өнімдер бағасының негізсіз өсуін болдырмау мақсатында бағаға әсерін тигізетін ішкі рынокта сатып алу және сату көлемдерін р е т т е у ;

астықты өңдейтін ұйымдарға астықты сату тәртібін оның уақтылығын әрі тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жетілдіру;

отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауды жүзеге асыру және астық өндірісін қаржыландыру жүйесін кеңінен енгізу.

3. Халықаралық астық рыногында қазақстан астығын мына жолдармен ж ы л ж ы т у :

астықты өткізудің дәстүрлі рыноктарындағы айқындаманы нығайту, сондай-ақ жаңа рыноктарға шығуды қамтамасыз ету;

халықаралық астық рыногында астық державасы ретінде Қазақстанның имиджін нығайтуға арналған іс-шараларды өткізу және халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу.

1.5.3. Корпорацияның Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру бойынша жоспарлаған іс-шаралары

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасы іске асырылып жатыр. 2005 жылы қорытынды жасау және Қазақстан Республикасының Аграрлық азық-түліктік саясатын дамытудың орта мерзімді концепциясын жасау белгіленіп отыр.

2006-2008 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түліктік саясаттың негізгі мақсаты аграрлық өнеркәсіптік тиімді жүйені қалыптастыру және бәсекеге түсе алатын өнімді өндіру негізінде Қазақстанның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2006-2008 жылдардағы аграрлық өнеркәсіптік кешен жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі астық рыногын реттеудің мемлекеттік саясатының тиімділігін арттыру болып табылады.

2005 жылы және орта мерзімді кезеңде астық өндірісін мемлекеттік реттеу іс-шараларын күшейту үшін егіншілерді көктемгі-жазғы несие беру және тікелей сатып алу жолымен қаржыландыру сұлбасын іске асыру жалғастырылады.

2005 жылы мемлекеттік сатып алу интервенциялары 2,5 млн.тоннаға дейінгі көлемде жүргізіледі, бұл ішкі рынокта тұрақтылықтың сақталуын және астықты экспортқа шығарудың әрі қарай өсуін қамтамасыз етеді. Бір тоннаға 80-100 АҚШ доллары деңгейіндегі ішкі бағалар астық саласындағы жоғары рентабельділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласының даму қарқынын жеделдету, оның материалдық базасын нығайту, импорттың орнын басу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын экспортқа шығаруды өсіру үшін көптеген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ақша қаражатына қол жетуін қамтамасыз ету қажет. Аталған міндеттерді шешу үшін 2005 жылы республикалық бюджет қаржыларынан Корпорацияның жарғылық капиталын толтыруға 7000 млн.теңге мөлшерінде ақша қаражаты бөлінді. Аталған қаржылар көктемгі дала және егінді жинау жұмыстарын өткізу үшін аз ғана сыйақы мөлшерімен қарыздар бөлу жолымен (6 айға 3,5%) отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыруға бағытталған.

Корпорация көктемгі дала және егінді жинау жұмыстарын өткізу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыру бағдарламасын жоспарланған кезеңде жалғастырады. 2006 жылы республикалық бюджет қаржыларынан Корпорацияның жарғылық капиталын көбейтуге 5000 млн.теңге мөлшерінде ақша қаражатын бөлу жоспарланып отыр, оның ішінен 2500 млн.теңге қарыздар беру жолымен көктемгі дала және егінді жинау жұмыстарын өткізу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қаржыландыруға, 1000 млн.теңге мақта тұқымын өңдеу зауытын салуға, 1100 млн.теңге "Ақ бидай - Терминал" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайтуға және 400 млн.теңге Баку портындағы қабылдау астық терминалының құрылысын салуға бағытталады. Одан өзге, Корпорация 2006 жылы қарыз қаражаттары есебінен 2000 млн.теңге сомасына мақта өндірушілерді қаржыландыруды жүзеге асыруды ұйғарып отыр. 2007 жылы бюджеттік қаржылар есебінен 528 млн.теңге сомасында Потти (Грузия) портындағы астық қабылдау терминалын салу және жабдықтауды қаржыландыру ұйғарылып отыр.

Корпорация екінші деңгейдегі банктер немесе ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдік жағдайымен кепілдік беретін "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС берген міндеттемелерді орындау кепілдігімен көктемгі дала

және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруды жүзеге асырады. Серіктестіктен алынған кепілдік шаруашылықтарға кепілдік бергені үшін төленетін комиссиялық шығыстарды қысқарту жолымен өсірілген өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Осылайша, "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС-тің қызметі аграрлық кешен саласында банк қызметтері рыногындағы бәсекелестіктің дамуына және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне кепілдіктер беру бойынша сыйақылар бағамының әрі қарай төмендеуіне септігін тигізеді, яғни отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсетуге септігін тигізеді.

Осы бағдарламаны іске асыру бәсекеге түсе алатын сапалы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін көбейтуге, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің табысын көтеруге, қосымша жұмыс орындарын құруға, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері тарапынан материалдық-техникалық ресурстарға деген сұранысты көбейтуге мүмкіндік береді, бұл бүтіндей аралас салалардың дамуына оң әсерін тигізеді, ауыл экономикасына инвестициялардың құйылуын және салық түсімдерін көбейтеді, бұл өз кезегінде қазақстан астығының экспорт көлемін ұлғайтуға әсер етеді.

Корпорация экспорт көлемін ұлғайту және қазақстан астығының бәсекеге түсе алу қабілетін көтеру, елдің азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдырушылық қажеттігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау үшін астықты теміржол көлігімен тасудың тиімді сұлбасын ретке келтіруді жалғастыруды, астық таситын вагондарды жалға алу бойынша шығындарды төмендетуді және т.б. жоспарлап отыр. Мемлекеттік астық ресурстарын толық және уақытында ауыстыруды ұйымдастыру, халықаралық және ұлттық тасуларда төмен бағамдарды ұсыну міндеттері жүктелген "ҚазАстықТранс" ЖШС-тің қызметі осы міндеттердің шешілуіне септігін тигізеді.

Сондай-ақ Корпорацияның жоспарларында азық-түліктік және жемдік астықпен салыстырғанда аса жоғары қосымша құнға ие майлы және бұршақ дәнді дақылдарды өндіру мен сатып алуды қаржыландыруға маңызды орын б е р і л д і .

Аталған дақылдарды экспортқа шығарудан басқа оларды құрама жем және тамақ өндірісіне терең қайта өңдеуді қамтамасыз ету жоспарланып отыр, бұған "Бидай өнімдері" ЖШС-тің қызметі бағытталады. Серіктестіктің қызметі астықтан қайта өңделген өнімдерді сатуға, ірі қара мал шаруашылығын дамытуға, тамақ өндірісі кәсіпорындарының шикізат базасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде Корпорация ХАК қызметіне белсенді қатысуды ұйғарып отыр, оның ішінде жақын арадағы 2-3 жылда осы ұйымға Қазақстанның төрағалық ету мүмкіндігі қаралады. Сондай-ақ отандық астықты донор елдердің қаржылары есебінен жылжыту үшін гуманитарлық көмек көрсету шеңберінде

Азық-түліктік көмек комитетімен белсенді жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

Аталған іс-шараларды өткізу экспорттық әлеуетті диверсификациялауға, әлемдік экономикамен интеграцияны дамытуға және азық-түлікті импортқа алуды қысқартуға бағытталған.

1.5.4. Өндірісті дамыту серпіні

Мемлекеттік ресурстарға жыл сайын астық сатып алу көлемдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерімен белгіленеді. Сонымен 2005 жылы 2004 жылдағыдай 6208,38 млн.теңге сомасына сатып алу көзделіп отыр, сондай-ақ 2006 жылы да 6208,38 млн.теңге сомасына сатып алуды жүргізу жоспарланып отыр.

2005 жылы мемлекеттік астық резервін сақтауға 832,98 млн.теңге бөлінді, 2006 жылы республикалық бюджеттен 832,98 млн.теңге алып осы мақсатқа игеру жоспарланып отыр. 2005-2006 жылдары астықты ауыстыруға жыл сайын 21 млн.теңге көзделген.

Одан өзге 2006-2008 жылдары Корпорация астық сатып алу бағдарламасын сырттан тартылған кредиттік ресурстар есебінен жалғастыруды жоспарлап отыр. Бұл ретте жыл сайынғы сатып алу көлемі шамамен 23000 млн.теңге сомасына 2,0 млн.тоннаға дейінгі деңгейде жоспарланып отыр.

Сатылатын астықтың өзіндік құнының құрылымы сатып алу бағасынан, астықты астық қабылдау кәсіпорындарында сақтауға кеткен шығындардан, тиеуге (тиеу, тасымалдау, сертификат алу, кедендік рәсімдеу және т.б.) байланысты шығындардан тұрады.

2005 жылы сатылатын астықтың болжамды өзіндік құны орташа алғанда бір тоннаға 12,9 мың тоннаны құрайды.

Қоршаған ортаны қорғау, еңбектің техникалық қауіпсіздігін сақтау бойынша іс-шаралар

Корпорация өзінің қызметімен қоршаған ортаға зиян келтірмейтін ұйымды білдіреді, бұл ретте техника қауіпсіздігін сақтау іс-шараларына көп көңіл бөлінеді. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс " Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы ", " Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы " Қазақстан Республикасының заңына, басқа нормативтік актілер мен басқа құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Техника қауіпсіздігін сақтау мақсатында белгіленген нормаларға сәйкес үй-жайларды, жұмыс орындарын, техниканы ұстауға бағытталған іс-шараларды өткізу, өрт қауіпсіздігі нормаларына сай қазіргі кездегі құрал-жабдықтарды енгізу, Корпорация қызметкерлерімен үнемі нұсқама өткізу жоспарланып отыр. Қажет болған жағдайда экологиялық қауіпсіз технологияны енгізу мен пайдалану , қоршаған ортаға жанама әсерін тигізбейтін технологияны қолдану жоспарланып отыр.

1.5.5. Баға және тариф саясаты және оған негіздеме

Корпорацияның баға саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімдерімен өткізу сұлбасымен және мемлекеттік астық ресурстары запастарының деңгейімен анықталады және баға демпингін болдырмау үшін астықтың ішкі бағаларын реттеуге, отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен жыл сайын мемлекеттік астық ресурстарына сатып алынатын астық дақылдарына сатып алу бағасы белгіленеді. "2005 жылы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 116 қаулысына сәйкес мемлекеттік резервті жаңарту үшін сатып алынатын астық бағасы 2005 жылы бір тонна 3 сыныпты жұмсақ бидайға 11,3 мың теңгені құрайды.

Корпорация бір тонна 3 сыныпты жұмсақ бидайға 11,3 мың теңге мөлшеріндегі осындай бағаны көктемгі-жазғы кезеңдегі коммерциялық астық сатып алуға да белгіледі.

Корпорация өткен жылдардағыдай отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында жыл сайын астықты рыноктық бағадан жоғары бағамен сатып алуды жоспарлап отыр. Жоспарланып отырған кезде Корпорацияның сатып алу бағасы 3 сыныпты жұмсақ бидайдың бір тоннасына 11,3 мың теңгені құрайды. Астық рыногының конъюнктурасына байланысты сатып алу бағалары түзетілуі мүмкін.

Сонымен астықтың рыноктық бағасы көтерілген жағдайда көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы сатып алынған астыққа Корпорация қосымша төлем төлейді.

Әдетте, өткізуге арналған астықтың негізгі үлесі алдыңғы жылғы сатып алынған астықтан алынады. Соған орай астықты өткізу сатып алу бағасынан төмен емес бағанда жоспарланады. Корпорацияның астықты өткізу бағалары шығындар құрылымына және астықты жеткізу шарттарына байланысты. EXW (франко-элеватор) жеткізу шарты кезінде өткізу бағасы астықты сатып алу бағасынан, оны сақтауға кеткен шығындардан және Корпорацияның комиссиялық сыйақыларынан тұрады.

DAF жеткізу шарты кезінде (шекараға дейін жеткізу) - сатып алу бағасынан, астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сақтауға кеткен шығындарынан, тиеуге (тиеу, тасымалдау, сертификат алу, кедендік рәсімдеу және басқалар) байланысты шығындардан, Корпорацияның комиссиялық сыйақыларынан тұрады. Корпорацияның қолданып жүрген саясатына сәйкес астықты өткізу төлем төлеудің мынадай талаптарымен жүргізіледі: алдын ала 100% төлеу, төлемді кейінге қалдыра отырып өткізу, банктік аккредитивтер.

1.5.6. Әлеуметтік саланы дамыту

Корпорацияда Жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалған жеке еңбек шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын мақсатты әлеуметтік саясат жүргізіледі.

Корпорацияның жеке еңбек шартында жұмыс беруші мен қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері, еңбек және демалыс режимі, еңбекке ақы төлеудің негізгі кепілдігі, қызметкерлерді әлеуметтік жағынан қорғау, еңбекті қорғау шаралары, қызметкердің еңбекке қабілеттілігін толық және жартылай жоғалту кезінде берілетін әлеуметтік кепілдік пен өтемақы көрсетілген. Қаржы-шаруашылық қызметтерінің қорытындылары бойынша Корпорацияның қызметкерлеріне бонустар төлеуді жүзеге асыру, сондай-ақ кейін қайтарылатын болып тұрғын үй жағдайын жақсартуға, оның ішінде үй салу немесе сатып алуға несие беру жоспарланып отыр. Одан өзге салықтарды, дивидендтерді төлегеннен кейін қалған таза табыс жететін жағдайда Корпорация жоспарланған кезеңде әкімшілік ғимаратты сатып алу немесе салу мүмкіндігін қарастырады.

Тұрақты түрде оқыту семинарлары жүргізіледі, қызметкерлер үнемі біліктілікті көтеру курстарынан өтеді. Сонымен, Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына көшуге байланысты бухгалтерлік қызмет қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға 669,18 мың теңге шығыстар жоспарланып отыр.

Одан өзге, әлеуметтік бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі сауықтыру шараларын жандандыру (медициналық тексеруді, вакциналарды және басқаларды ұйымдастыру), сондай-ақ Корпорация қызметкерлерін спорттық іс-шараларға қатысу және қызметкерлердің мәдени демалысын ұйымдастыруға тарту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Одан өзге, қайырымдылық демеушілік көмектерін көрсетеді. 2006 жылы осы мақсаттарға 10 млн.теңге жұмсау жоспарланып отыр.

1.5.7. Кадр саясаты

Корпорация қызметкерлердің әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік беретін корпоративті басқару жүйесі бар ұйымдық тиімді компанияны құруға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүргізеді.

Кадр саясатының негізгі бағыттары Корпорацияның орталық аппаратында және облыстық өкілдіктерінде басқару жүйесінің кешендік және бүтіндік сипатын қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби шебер, жоғары білікті маманды қалыптастыруға бағытталған жұмыс болып табылады.

Кадрлардың жұмысын жақсарту, оның кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында қызметкерлермен жұмыс істеу жүйесін жетілдіру, Корпорацияның ұйымдық құрылымын және штаттық санын оңтайлау жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Корпорацияның саясаты мен мақсатын әзірлеуге және қолдауға бағытталған менеджмент тиімділігін арттыруға, оны қызметкерлер арасында олардың

танымын, уәждерін арттыру үшін таратуға, басқару мен жоспарлаудың қазіргі әдістерін енгізу жолымен осы мақсаттарға жетуде қызметкерлерді шығармашылық жұмысқа тартуға көп көңіл бөлінеді. Корпорация қызметкерлерінің кәсіби дамуының және оның біліктілік мінездемесінің жақсаруының негізгі құралдары қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

1.5.8. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынас

2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы негізгі қызметтен түскен кірістің 8,3%-ға өзгеруі есебінен Корпорацияның жалпы кірісінің 8,5%-ға төмендеуі жоспарланып отыр. Бұл ретте мұндай өзгеру үлкен дәрежедегі болжанып отырған сату бағасының төмендеуінен туындап отыр. Одан өзге, жоспарланған кірістердің, сондай-ақ мемлекеттік ресурстармен операциялар жасау бойынша негізгі қызметтен түскен кірістің төмендеуі сатылатын астық ресурстарының жалпы көлемінен экспортқа шығарылатын астық үлесінің азаюымен түсіндіріледі.

Сонымен, 2006 жылға арналған жалпы кіріс 28737,21 млн.теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен кіріс - 6781,33 млн.теңге;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша кіріс - 21955,88 млн.теңге.

2006 жылға арналған жалпы шығыстар 27928,91 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен шығыстар - 6765,67 млн.теңге;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шығыстар - 21161,23 млн. теңге.

2006 жылы 567,22 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр, оның ішінде өз қызметінен түскен таза кіріс 556,25 млн.теңге, мемлекеттік астық ресурстарымен жасалған операциялардан түскен кіріс 10,97 млн. теңге.

2006 жыл үшін бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 277,55 млн.теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланып отыр.

2006 жылы бюджетке барлығы 410,13 млн.теңге сомасында салықтар мен міндетті төлемдер аудару жоспарланып отыр: оның ішінде корпоративтік табыс салығы 242,6 млн.теңге сомасында, әлеуметтік салық 62,3 млн.теңге сомасында, жер салығы 1,21 млн.теңге, мүлік салығы 4,76 млн.теңге, көлік салығы 1,7 млн.теңге, жеке табыс салығы 58,4 млн.теңге, төлем көздерінен табыс салығы 38,4 млн.теңге, басқа салықтар мен алымдар - 0,76 млн.теңге.

2007 жылға арналған жалпы табыс 30461,44 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен кіріс - 7188,21 млн. теңге

;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша кіріс - 23273,23 млн.теңге.

2007 жылға арналған жалпы шығыстар 29636,96 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен шығыстар - 7171,96 млн. теңге ;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шығыстар - 22465,00 млн. теңге.

2007 жылы 577,14 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр, оның ішінде өз қызметінен түскен таза табыс 565,76 млн.теңге, мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен таза табыс - 11,38 млн.теңге.

2007 жыл үшін бюджетке мемлекеттік акциялар пакетіне 283,50 млн.теңге мөлшерінде дивидендтер аудару жоспарланып отыр.

2007 жылы бюджетке барлығы 420,15 млн.теңге сомасында салықтар мен басқа міндетті төлемдерді аудару жоспарланып отыр: оның ішінде корпоративтік табыс салығы 247,35 млн.теңге, әлеуметтік салық 64,2 млн.теңге, жер салығы 1,22 млн.теңге сомасында, мүлік салығы - 4,81 млн.теңге, көлік салығы - 1,69 млн.теңге, жеке табыс салығы - 59,01 млн.теңге, төлем көздерінен табыс салығы - 41,1 млн.теңге, басқа салықтар мен алымдар - 0,77 млн. теңге.

2008 жылға арналған жалпы табыс 32289,13 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен табыс - 7619,50 млн. теңге ;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша табыс - 24669,63 млн.теңге.

2008 жылға арналған жалпы шығыстар 31452,34 млн.теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

- мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түскен шығыстар - 7603,7 млн. теңге ;

- өз қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шығыстар - 23849,17 млн. теңге.

2008 жылы 585,75 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр, оның ішінде өз қызметінен түскен табыс 574,32 млн.теңге. 2008 жылы бюджетке 287,16 млн.теңге мөлшерінде мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер аудару жоспарланып отыр .

2008 жылы бюджетке барлығы 428,78 млн.теңге сомасында салықтар мен басқа міндетті төлемдер аудару жоспарланып отыр, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 248,04 млн.теңге, әлеуметтік салық 67,8 млн.теңге, жер салығы 1,22 млн.теңге сомасында, мүлік салығы 5,16 млн.теңге сомасында, көлік салығы 1,74 млн.теңге, жеке табыс салығы 60,03 млн.теңге, төлем көздерінен табыс салығы - 44 млн.теңге, басқа салықтар мен алымдар 0,79 млн.теңге.

2006-2008 жылдардағы болжамдық көрсеткіштерді талдай отырып 2008

жылы жалпы алғанда Корпорация бойынша таза табыстың 2006 және 2007 жылдармен салыстырғанда тиісінше 15% және 6%-ға өскенін атап өткен дұрыс.

1.5.9. Қызмет көрсетуші банктермен арадағы қарым-қатынас

Корпорация қызмет барысында Халық банкі, Альянсбанк, ВалютТранзитБанк, Казкоммерцбанк секілді көптеген банктермен бірігіп қызмет етеді. Бұл ретте Корпорация ірі корпоративті клиент бола отырып қызмет көрсетуші банктердің төмен тарифтеріне қол жеткізді. Корпорацияның банктермен бірлесіп қызмет етуі мына бағыттарда жүргізіледі:

- есеп айырысу шоттарына қызмет көрсету;
- Корпорацияның пайдасына АШТӨ-ге кепілдіктер беру;
- Жеңілдік талаптарымен банк қарыздарын беру (Корпорацияның Қазақстан Халық банкінде, ТұранӘлем банкінде және Казкоммерцбанкте ашылған кредиттік желілері бар);
- Екінші деңгейдегі банктер өздерінің кепілдіктерін үшінші тұлғалардың пайдасына қуана-қуана береді.

Корпорацияның банктермен арадағы қарым-қатынасын сипаттайтын көрсеткіштер

Қызмет көрсететін банктердің атауы	2006 жыл					2007 жыл	
	Есеп шоттар бойынша айналымдар		Ақша қаражатының орташа айлық қалдығы	Есеп шоттардағы ақша қаражатына есептелген сыйақылар көлемдері	Банктерге төленетін комиссиялық төлемдер көлемі	Есеп шоттар бойынша айналымдар	
	Дебет	Кредит				Дебет	Кредит
"Казкоммерцбанк" АҚ	27181,4	26374,0	665,9	1,9	6,0	27208,5	26400,4
"Халық банкі" АҚ	373,5	373,9	3,0	0,0	0,3	373,9	374,3
"Альянс-банк" АҚ	13353,0	9042,8	1455,7	6,5	4,1	13366,4	9051,9
"Темир-банк" АҚ	2,5	7,7	1,7	0,0	0,0	2,5	7,7
"АВН АМРО" АҚ	2,6	0,6	2,0	0,0	0,0	2,6	0,6
HSBC	2811,5	2813,5	3,1	0,0	0,0	2814,3	2816,3
Алматы сауда-							

қаржы Банкі	11130,4	10729,7	114,1	4,0	0,4	11141,5	10740,4
"Қазақ-стан даму банкі" АҚ	266,9	266,9	0,0	0,0	0,0	267,2	267,2
"Тұран-Әлем-Банкі" АҚ	28895,5	28878,5	60,2	0,0	5,7	28924,4	28907,4
"Банк-Центр-Кредит" АҚ	1173,9	1174,4	77,8	0,4	0,1	1175,1	1175,6
"Казин-вестбанк" АҚ	1853,4	1829,7	33,7	0,7	0,5	1855,2	1831,5
Жиыны	87044,5	81491,7	2417,3	13,5	17,2	87131,6	81573,2

кестенің жалғасы

Қызмет көрсететін банктардің атауы	2007 жыл			2008 жыл				
	Ақша қаражатының орташа айлық қалдығы	Есеп шоттардағы ақша қаражатының қалдығына есептелетін сыйақылар көлемдері	Банктерге төленетін комиссиялық төлемдер көлемі	Есеп шоттар бойынша айналымдар		Ақша қаражатының орташа айлық қалдығы	Есеп шоттардағы ақша қаражатының қалдығына есептелген сыйақылар көлемдері	Банккөтенген комиссиялық төлемдер көлемі
				Дебет	Кредит			
"Казком-мерцбанк" АҚ	666,6	1,9	6,0	27235,8	26426,8	667,2	1,9	6,0
"Халық банкі" АҚ	3,0	0,0	0,3	374,3	374,7	3,0	0,0	0,3
"Альянс-банк" АҚ	1457,2	6,5	4,1	13379,7	9060,9	1458,6	6,5	4,1
"Темир-банк" АҚ	1,7	0,0	0,0	2,5	7,8	1,7	0,0	0,0
"АВН AMRO" АҚ	2,0	0,0	0,0	2,6	0,6	2,0	0,0	0,0
HSBC	3,1	0,0	0,0	2817,1	2819,1	3,1	0,0	0,0

Алматы сауда- қаржы Банкі	114,2	4,0	0,4	11152,7	10751,1	114,3	4,0	0,4
"Қазақ- стан даму банкі" АҚ	0,0	0,0	0,0	267,4	267,4	0,0	0,0	0,0
"Тұран- Әлем- Банкі" АҚ	60,3	0,0	5,7	28953,3	28936,3	60,4	0,0	5,7
"Банк- Центр- Кредит" АҚ	77,9	0,4	0,1	1176,2	1176,7	78,0	0,4	0,1
"Казин- вестбанк" АҚ	33,8	0,7	0,5	1857,1	1833,4	33,8	0,7	0,5
Жиыны	2419,7	13,5	17,2	87218,7	81654,8	2422,1	13,6	17,2

2. Корпорацияны дамытудың инвестициялық бағдарламасы

2.1. Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау

Ескі өндірістік қатынастардың құлауын және жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуынан туындаған қиын дағдарыс кезеңін басынан өткізген республиканың аграрлық азық-түліктік секторында соңғы жылдары тұрақтану болып өтті. Қазіргі кезде бұл сала ашық экономика мен әлемдік тамақ өнімдерімен және ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік сауда жүйесі жағдайында оның тиімді дамуын қамтамасыз етуі тиіс жаңа дәуір алдында тұр.

Мемлекеттік қолдау іс-шаралары реттеуші сипатта және салааралық диспаритетті теңестіруге бағытталған. Агроөнеркәсіптік кешенде оның деңгейі өндірістік циклдің маусымдылығы мен ұзақтығына, табиғи-климаттық факторларға тәуелділігіне, ауыл шаруашылығының экономиканың басқа салаларымен тауар алмасуындағы эквивалентсіздікке, халықтың сатып алушы ретіндегі қабілетінің төмендігіне қарай шынайы төмендетілген.

Қазақстан Республикасында 2003-2005 жылдары агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға бөлінген қаржы ресурстарының көлемдері Мемлекеттік аграрлық азық-түліктік бағдарламаға толық сай келеді. Бұл ретте жыл сайынғы инвестициялар көлеміндегі өсу 9-10 млрд.теңгені құрады. Соңғы жылдары мемлекеттік қолдауды күшейту нәтижесі болып ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтануы, оның тиімділігін арттыру және елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Отандық және шет елдік тәжірибе көрсеткендей ауыл шаруашылығы өндірісі мемлекеттің қолдауынсыз тиімді дамуға қабілетсіз. Аграрлық сектор

үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар. Мақтаны өндірумен айналысатын аудандарда 1 миллиондай адам, немесе негізгі кіріс көзі ауыл шаруашылығы өндірісі болып табылатын облыстағы барлық халықтың 50% тұрады.

Мақта өсіру және оны әрі қарай қайта өңдеу жұмыс орындарын сақтауға мүмкіндік берсе, ал өндіріс көлемін ұлғайту жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Мақтаны өндіру процесі кезінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері ақша қаражатының жетіспеушілігін сезе отырып мақтаны өңдейтін зауыттармен фьючерстік шарттар жасауға және шикі мақтаны оны тапсыру кезіндегі рыноктық сатып алу бағасынан 30-35%-ға төмен бағамен тапсыруға мәжбүр болады.

Одан өзге кейбір жылдары әлемдік рынокта егінді жинау кезінде өте төмен баға қалыптасады, соған орай республикада шикі мақта бағасы әлемдік баға деңгейіне тікелей тәуелді болатындықтан республиканың ішкі рыногында осындай жағдай қалыптасады. Өндірушілердің басым көпшілігін құрайтын ұсақ шаруа қожалықтары ақша қаражатының болмауынан осы кезеңде шикі мақтаны төмен бағамен сатуға мәжбүр болады. Бұл ретте өнімді жинап болғаннан кейін 5-6 ай өткен соң мақта талшығының бағасы өседі, нәтижесінде пайданың негізгі бөлігі шикі мақтаны сатып алу-сатумен айналысатын компанияларға тиеді. Ал пайда егіншілердің тікелей қатысуымен мақта өндірісінің барлық кезеңінде жасалады емес пе.

Осылайша ауыл шаруашылығын инвестициялау бойынша Корпорацияның мүмкіндігін кеңейту үшін оны капитализациялау деңгейін көбейту қажет.

Жоспарланған кезеңге Корпорацияның инвестициялық қызметінің басқа бағыттары Ақтау портындағы астық терминалын дамыту және Баку (Әзірбайжан Республикасы) мен Поти (Грузия) портындағы терминалдардың құрылысын салу мен оны жабдықтау болып табылады.

Ақтау портындағы астық терминалы ("Ақ Бидай-Терминал" АҚ) каспий маңындағы елдерге және ол арқылы транзитпен Грузия, Молдова және еуропалық елдерге теңіз жолымен қазақстан астығын экспортқа шығару кезінде Ақтау портында астықты үздіксіз артып өткізуді қамтамасыз етеді. Теңіз астық терминалын дамыту қазақстан астығын экспортқа шығарушылардың мүмкіндігін кеңейтеді, Қазақстан Республикасы экономикасындағы барлық астық секторының тұрақтануына және дамуына ықпал етеді.

Астық терминалы Ақтау теңіз портының және жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі бағыттар туралы Қазақстан халқына жолдаған жолдауына сәйкес жасалған бірыңғай көліктік-логистикалық кластердің бір бөлігі болып табылады (2005 жылғы 18 ақпандағы Парламент палаталарының бірлескен мәжілісіндегі сөйлеген сөзі).

Иран мен Әзірбайжанның жыл сайынғы астықты импортқа алу қажеттігі Ақтау портындағы астық терминалын дамытудың негізгі экономикалық перспективасы болып табылады. Осындай перспективаның болуына Каспий маңындағы мемлекеттер порттарында астық инфрақұрылымын белсенді дамыту дәлел бола алады.

2005 жылы Әзірбайжан мен Түркияны Грузия аумағы арқылы тікелей жалғайтын ұзындығы 98 километр теміржол тармағының салу туралы Әзірбайжан, Грузия және Түркия арасындағы үш жақты мемлекетаралық келісімге қол қойылды. Құрылыс мерзімі 1-1,5 жылды құрайды және 2006 жылдың аяғында пайдалануға беру белгіленіп отыр. Осылайша, аталған елдерге қазақстан астығын экспортқа шығару үшін нақты тиімді көлік коридоры жасалады. Соңғы кезге дейін мұндай экспорт эпизодтық сипатта болды және қазақстандық астық компанияларына аталған елдерге мақсатты ұзақ мерзімді саясатты құруға мүмкіндік бермеді.

Осылайша, қазіргі кезде жылына 200-300 мың тонна мөлшеріндегі астықты Әзірбайжан, Грузия және Түркия бағыттарында Ақтау портындағы астық терминалы арқылы жақын арадағы бір-екі жылда экспорт көлемін шынайы тұрақтандыру мүмкіндігі пайда болып отыр. Каспий маңындағы елдер халқының өсу динамикасын, терминалдың техникалық мүмкіндігін және алдағы жылдардағы теңіз көлігінің мүмкіндігін ескергенде қазақстан астығын Ақтау порты арқылы экспортқа шығарудың болуы мүмкін көлемі жыл сайын 0,7-1 миллион тонна астықты құрауы мүмкін.

Осылайша ауыл шаруашылығын инвестициялау бойынша Корпорацияның мүмкіндігін кеңейту үшін оны капитализациялау деңгейін көбейту қажет.

Жоспарланған кезеңге Корпорацияның инвестициялық қызметінің басқа бағыттары Ақтау портындағы астық терминалын дамыту және Баку (Әзірбайжан Республикасы) мен Поти (Грузия) портындағы терминалдардың құрылысын салу мен оны жабдықтау болып табылады.

Каспий аумағының және Кавказ елдерінің астықты өсіру бойынша өз мүмкіндіктері толық іске қосылған және шолу жасалып отырған келешекте қандай да бір өсу перспективасы жоқ. Ал осы елдерде климаттық-ауа райы жағдайына орай қажетті көлемде сапалы бидайды (біздің 3 сыныпқа сай келетін) өсіру мүмкіндігі жоқ. Осыған орай Каспий аймағында және Кавказ елдерінде жыл сайынғы астық тапшылығының азаюы болжанып отырған жоқ және Ақтау-Баку-Поти көлік коридоры жақын арадағы он жыл ішінде осы елдерге қазақстан астығын экспортқа шығару бойынша негізгі өткізу пункті болу мүмкіндігі бар.

Поти портындағы астық терминалын салуға арналған бюджеттік инвестициялардың қажеттігі туралы мәселені қарау кезінде аталған үш жобаны

үлкен бір жобаның құрамды бөліктері деп қарау қажет. Ол былайша түсіндіріледі, Ақтау, Баку және Потти порттарында астық терминалдарын құру мен дамыту Қазақстан Республикасының, Әзірбайжанның, Грузияның Кавказ, ЕҚ, Солтүстік Африка елдеріне қазақстан астығын экспортқа шығару үшін көліктік коридорды құру туралы мемлекетаралық жоспарларды іске асыру үшін қажет.

Потти порттарында астық терминалдарын салу жөніндегі инвестициялық жобалар Қазақстан Республикасының әлеуметтік- экономикалық даму артықшылықтарына сай келеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен саудасының әлемдік жүйесі шеңберіндегі либерализацияланған экономика жағдайында Қазақстан Республикасының 2006-2010 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенінің орнықты даму концепциясына сәйкес ұлттық бәсекелестік артықшылық пен оның дамуы басым маңызға ие. Аграрлық саланың жаңа сапасы аграрлық азық-түліктік саясаттың оны құрайтын сауданың өсуіне орай мазмұнын кеңейтуді, ауыл шаруашылығы өндірісінің маркетингтік стратегияға және таяу және алыс шет елдерге экспортты жандандыруға көшуді ұйғарып отыр.

2.2 Инвестициялық артықшылықтар және бағыттар

2006-2008 жылдарға арналған Корпорацияның инвестициялық қажеттігінің жалпы сомасы 19 962,28 млн.теңгені құрайды, оның 17131,6 млн.теңге сомасына қаржыландыру көздері республикалық бюджет қаржыларынан жоспарланып отыр, Астана қаласында астық орталығын салу мен "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС жарғылық капиталын 2830,68 млн.теңгеге көбейту жөніндегі жобаларды қаржыландыру көздері қосымша анықталады.

Мақтаның сорттық тұқымын өндіру зауытын салу

Жобаның мақсаты: Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мақтаның сапалы тұқымымен қамтамасыз ету.

Республикадағы мақта шаруашылығының дамуын болдырмау алдында тұрған маңызды проблемалардың бірі мақта зауыттарындағы тұқымды сапасыз дайындау және оларды араластырып жіберу себебіне байланысты сапалы тұқымның жоқтығы болып табылады.

Қазіргі кезде мақта өңдеу зауыттарында ескірген технологиямен жұмыс істеп отырған мақтаның тұқымын тазалау бойынша кішігірім цехтар жұмыс істеп жатыр, олар өндірген тұқымның көлемі шаруалардың тұқымға деген қажеттігін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар көптеген шаруалар тұқымның сапасын растайтын қандайда бір құжаты жоқ күмәнді тұқымдарды сатып алады. Биылғы жылы мақтаның егістік алаңдарына егілген жеті мың тонна тұқымның 2,5 мыңнан аса тұқымы Өзбекстаннан әкелінген контрабандалық тұқымдар.

Жоғарыда баяндалған жайға байланысты мақта өнімді өсетін зонада - Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында әлемдік ең үздік

технологияларды қолдана отырып мақтаның сортты тұқымдық материалдарын өндірудің қазіргі заманғы арнайы зауытын салу орынды.

Аталған зауытты "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 қаулысына сәйкес құрылған еншілес акционерлік қоғам базасында құру ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Осы жобаны іске асыру мақсатында Қазақстанда жоқ қазіргі заманғы жылдық өнімділігі шамамен 10 мың тонна мақта тұқымын дайындау (тазалау) зауытын қ ұ р ы л а д ы .

Жобаның сомасы: 1500 млн. теңге.

Май экстракциондық зауытын салу

Жобаның мақсаты: мақта өңдейтін саланы дамыту, бәсекеге түсе алатын ө н і м д і ө н д і р у .

Мақта тұқымы өсімдік майын алатын шикізат ретінде әлемде қытай бұршағынан кейін екінші орынды алады: 1 ц мақта тұқымынан 17-19 кг май, 40-42 кг күнжара, 38-40 қауыз алынады.

Май тамаққа қосылады, консервілер мен маргаринді дайындау кезінде пайдаланылады, сондай-ақ сабын қайнатуда техникалық май, малға азық ретінде, глицерин өндірісінде, олиф, жағар майлар және т.б алу үшін пайдаланылады.

Өз мақта тұқымы болған кезде мақтаны қайта өңдейтін зауытты салу мақта шаруашылығынан барынша пайда алуға мүмкіндік береді. Сонымен 60 мың тонна шитті мақта 30 мың тоннадан артық көлемде тұқым шығаруды қамтамасыз е т е д і .

Одан өзге, жақын маңда орналасқан шаруашылықтарға тұқымды қайта өңдеу қызметін көрсетеді, бұл қосымша табысты тартуға мүмкіндік береді.

Май экстракциондық зауытын еншілес акционерлік кәсіпорын базасында құру ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Жобаның сомасы: 405 млн.теңге.

Қазіргі заманғы мақтаны қайта өңдеу зауыттарын салу

Жобаның мақсаты: Мақтаны қайта өңдеу саласын әрі қарай дамыту.

Бүгінгі күні мақта өндірісі процесінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің басым көпшілігі ақша қаражатының тапшылығын сезіне отырып мақтаны қайта өңдейтін кәсіпорындармен фьючерстік шарттар жасауға және шитті мақтаны оны тапсыру кезінде рыноктық сатып алу бағаларынан 30-35%-ға төмен бағамен тапсыруға мәжбүр болып отыр. Мақтаны өндірушілердің басым көпшілігін құрайтын ұсақ шаруа қожалықтары ақша қаражатының жоқтығына байланысты осы кезеңде шитті мақтаны төмен бағамен сатуға мәжбүр болып отыр. Бұл ретте егінді жинап алғаннан кейін 5-6 ай өткен соң мақта талшығының бағасы өсіп соның нәтижесінде пайданың негізгі бөлігі сатып алу, қайта өңдеу

және сатумен айналысатын компанияларға тиеді. Ал бұл пайда мақтаны өндірудің барлық кезеңінде құрылып оған көптеген ұсақ шаруа қожалықтары - мақташылар тікелей қатысады емес пе.

Мақтаны тазалайтын зауыттар арасында бұрыннан бері шитті мақтаны шаруалардан сатып алудың монополиялық жүйесі қалыптасқан. Мақта зауыттары заңның жоқтығын пайдалана отырып шаруалар тапсыратын шитті мақтаның сапасын төмендетіп оны өте төмен бағамен сатып алады.

Қуаты 60 мың тонна қазіргі заманғы модельдік мақтаны қайта өңдеу зауыттарын құру жұмыстары барысында республика тарапынан мақта қабылданған мақта саласын дамыту бойынша қабылданған іс-шаралардың тиімділігі үшін қайта өңдеу қуатын кем дегенде 90 мың тоннаға дейін жеткізу қажеттігі анықталды.

Осыған байланысты Корпорацияның мақтаны қайта өңдеу жөніндегі еншілес кәсіпорнының негізінде жылына 30 мың тонна шитті мақтаны өңдейтін қуаты бар қазіргі заманғы мақтаны қайта өңдейтін қосымша зауытты салу, сондай-ақ мақта қабылдау жүйелерін сатып алу және салу қажет.

Жобаның сомасы: 1072 млн.теңге.

Оңтүстік Қазақстан облысының аумағындағы көліктік-логистикалық терминалды салу

Жобаның мақсаты: Бәсекеге түсе алатын мақта талшығын сату партиясын экспортқа шығару және дайын өнімді уақытша сақтауды қамтамасыз ету.

Зауыт салынуы мүмкін жерлерді оқып зерттеу процесінде қазіргі кезде жаңадан құрылып жатқан зауыттың оның қуатын (жылына 60 мың тонна шитті мақта) ескергенде дайын өнімін уақытында және жедел тиеуге мүмкіндік бермейтін көлік инфрақұрылымын оңтайлау қажеттігі анықталды. Сондықтан зауыттың қайта өңдеу желілерін тоқтатпау үшін 18-20 тонна көлемінде көліктік-логистикалық зауытты салу қажет.

Одан өзге мақтаны өткізу проблемасын шешу қажет. Жұмыспен толық қамтамасыз еткеннің өзінде жұмыс істеп тұрған фабрикалардың қуаты Қазақстанда өндірілетін мақта талшығының алтыншы бөлігін ғана қайта өңдеуге жетеді. Сондықтан жақын арада қазақстан мақтасын өткізудің негізгі бағыттары оның экспорты болып қалады. Алайда қазақстан мақтасының экспортын ұйымдастыру төмен деңгейде екендігін атап өту қажет. Қазіргі кезде экспортқа шығарылатын мақта сату партиялары құрылмай-ақ вагондарға тиеледі. Прибалтикада жергілікті компаниялар оларды контейнерлерге қайта тиейді, салады, олардың сапасын тексереді, сату үшін қалыптастырып сатып алушыларға жібереді. Бұл жағдай қазақстан экспортшыларын осы аталған делдалдарға тәуелді етеді. Одан өзге, тәуелсіз сарапшылардың есептері бойынша Латвия арқылы әкетілген әрбір тонна мақта үшін өңдеу шамамен 20-30 доллар

қ а л а д ы .

Осыған байланысты әлемдік сауданың талаптарына сай келетін талшықтың сауда партияларын қалыптастыру бойынша өз терминалымызды құру қажет.

Жобаның сомасы: 1215 млн.теңге.

Рапсты қайта өңдеу зауытын салу

Жобаның мақсаты: рапс өндірісін қолдау, қайта өңдеу саласын дамыту, бәсекеге түсе алатын өнімді шығару.

Рапс - майлы дақыл, пайдалану аспектілері: азық-түліктік, мал азықтық және энергетикалық мақсаттарға. Рапстың тұқымында 40-50% май 21% белок бар. Рапстың тұқымдық сортын қайта өңдеу нәтижесінде дайын өнімнің үш түрі - рапс майы, рапс күнжарасы және глицерин алынады.

Рапс тұқымынан алынған рапс майы техникалық лак-сыр өнеркәсібінде (майлау, парфюмерия, тоқыма, резина, лак-сыр), биодизельдік отын өндірісінде қолданылады. Тазаланғаннан және гидрогенизацияланғаннан кейін маргарин өнеркәсібінде қолданылады. Дәмдік сипаттамасы және майлық-қышқылдық құрамы бойынша ол олифа майына теңдеседі. Рапс күнжарасы майлы дақылдың тұқымын қысу және экстракциялаумен алынатын өсімдік майын өндіру кезінде шыққан жанама өнім. Рапс күнжарасы малдың рационына қосылатын тиімділігі жоғары белок қоспалары ретінде қолданылады.

Соңғы кездері Еуропада биоотынды өндіру үшін рапс майына деген сұраныс өсіп келеді. Биодизель рапс майынан жасалады және атмосфераға бу газдарының шығарылуын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ дизельдік отынның арзан ба л а м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазіргі уақытта республикада рапс 41,6 мың гектар алаңда өсіріледі. 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі іс-шаралар бағдарламасын іске асыру жоспарына сәйкес 2006 жылы рапс егістіктерін 200 мың гектарға дейін жеткізу белгіленген, 2008 жылға дейін рапстың егістік алаңдарын 700 мың гектарға дейін ж е т к і з у ж о с п а р д а б а р .

Рапсты өндіру бағдарламасы ауыл шаруашылығы дақылдарының тізімін кеңейтуге және бір қалыпты егіншіліктен кетуге, бәсекеге түсе алатын өніммен сыртқы рыноктарға шығуға мүмкіндік береді.

Өндірілген өнімді өткізу, өндірілген өнімнен барынша пайда алу мәселелерін шешу үшін рапсты өсіретін аймақта майлы дақылдарды қайта өңдеу бойынша қазіргі заманғы май экстракциялық зауытын салу қажет.

Жобаның сомасы 2700 млн.теңге.

Астықты терең қайта өңдеу зауытын салу

Жобаның мақсаты: Ауыл шаруашылығы, тамақ және фармацевт өнеркәсібі үшін отандық астықты пайдалана отырып бәсекеге түсе алатын өнім шығару.

Қазақстанда крахмал мен крахмалдан шығарылған өнімдер өте аз мөлшерде

өндіріледі. Сонымен бірге крахмал өндірісін - бидай астығын дамытуға нық
ш и к і з а т б а з а с ы б а р .

Астықты терең қайта өңдеу - бұл ұнның әртүрлі түрлері мен сорттарын, құрғақ желімді, модификацияланған крахмалды, крахмалдан алынатын қою тәтті сироптарды, өсімдік майларын алу мақсатында, спиртті, қағаз өнімін және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығына керек құрғақ азықтарды өндіру үшін астық дақылдарының күрделі өңделуі.

Соңғы жылдары Еуропада әсіресе бидайды крахмал өніміне қайта өңдеу кеңінен дамыды. Шикізаттың осы түріне аса көңіл бөлудің негізгі себебі жүгерімен және картоппен салыстырғанда ондағы крахмалдың жоғарылығы. Бидай-крахмал өндірісі дамуының аса маңызды факторы құрамында крахмалы бар шикізат түрлерінің бірде-біреуінде жоқ табиғи (белсенді) крахмалдың жанама өнім болып табылуы болады. Сапасы орташа/төмен ұнға желімді қоса отырып бидайдың қатты сорттарынан жасалған ұнның сапасына дейін жеткізуге болады. Тағы бір маңыздысы бидай картоп пен жүгеріге қарағанда (70% су бар) құрғақ затты мол береді.

Бидайды терең өңдеудің жаңа технологиялары ұнды ғана емес, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінде кеңінен талап етілетін крахмалды, фруктозаны, глюкозаны, декстрозаны алуға мүмкіндік береді.

Салынуы жоспарланып отырған жаңа бидай крахмалы зауыты бір сағатта 5,4 тонна ұнды қайта өңдеуді ұйғарып отыр (немесе бір жылда 40 мың тонна астық). Ұнды қайта өңдеу кезінде жоғары сортты крахмал (А крахмалы), сапасы төмен крахмал ("Б" крахмалы), құрғақ желім және құрғақ мал азығы алынады. Ұнның бір тоннасынан шыққан тауарлық позицияның сомасы мынадай: оның 60%-ы крахмал, 10% - қамыр, 10% - мал азығы.

Осыған	орай	кәсіпорын	жылына
17 640,0	тонна	"А"	крахмалын;
2945,0	тонна	"Б"	крахмалын;
2796,0	тонна	құрғақ	камырды,

15 684,0 тонна құрғақ мал азығын өндіре алады.

Өндірілетін өнім көлемі ішкі рынок қажеттігін толық жауып қана қоймай оның экспортын ұйымдастыра алады.

Астықты қайта өңдеу кәсіпорнын құру мыналарға мүмкіндік береді:

1) сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін бірден ұн зауыттарын тіркелген баға бойынша ұнмен қамтамасыз ету процесінің үзілмеуіне қол жеткізуге және басынан бастап ұн тапшылығының пайда болуын болдырмауға мүмкіндік беретіндіктен астықтың бір бөлігін ұнға қайта өңдеуге жіберуге;

2) Қазақстанда бұрын импортқа алынатын өнімді - крахмалды шығаруды ұйымдастыру арқылы импорт алмасу бағдарламасына қатысуға, елде

пайдаланылып жүрген және әлемдік рыноктарда жоғары сұранысқа ие болып отырған тауарлардың инновациялық өндірілуін бастауға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға және бюджетке қосымша салықтардың түсуін қамтамасыз етуде.

Жобаның сомасы: шамамен 6750 млн.теңге.

Амирабад портындағы астық терминалы мен диірмен кешенін салу (ИИР)

Жобаның мақсаты: қазақстан астығы мен одан өңделген өнімдер экспортын ұлғайту.

Қазақстанның астық экспортының көлемін ұлғайту, өткізу рыноктарын кеңейту мен Ақтау портындағы астық терминалының қуатын тиімді пайдалану мақсатында Иранның каспий порттарындағы біреуінен астық терминалын салу мүмкіндігін қарау қажет.

Иранның каспий порттарының инфрақұрылымы мен қызметінің егжей-тегжейлі талдау әрі қарай дамуына орай ИИР каспий порттары арасындағы аса перспективті порт Амирабад болып табылады.

Астық терминалын салу кезінде Амирабад портының негізгі артықшылықтары:

- Амирабад порты Иранның каспий порттарының арасындағы негізгі теміржол магистралімен жалғастырылған жалғыз порт, порттың аумағында теміржол тармақтары салынған, бұл Иранның ішінде де, бұдан әрі Парсы шығанағы елдерінің рыногына шығатын болып Парсы шығанағы порттарының бағыттарына астықты тиімді тасуға мүмкіндік береді;

- порт әлеуметтік-экономикалық зона аумағында орналасқан, бұл астық терминалын салу кезінде қосымша салықтар мен инвестициялық жеңілдіктер береді;

- басқа порттардың аумағының шектеулілігіне орай кеңею мүмкіндігі болмай отырғанда Амирабад портының кеңейтуге жеткілікті түрде кеңістігі бар болғандықтан Иранның каспий порттарының арасындағы ең жаңа және перспективті порты болып табылады;

- астық терминалын салу кезінде порт маңындағы аумақтардың кеңдігінің арқасында жер учаскесін алуға қатысты мәселелердің пайда болуымен байланысты кішігірім қауіптер. Әлеуметтік экономикалық зоналарды инвестициялау кезінде ережелермен жеңілдік шартымен жер учаскесін ұзақ мерзімді жалға беру көзделген;

- порт Иранның солтүстігінде, яғни ел халқының негізгі бөлігі шоғырланған елдің халық тығыз орналасқан бөлігінде орналасқан. Бұл ретте Иранның солтүстік жартысы бидай емес негізінен күріш өсіреді, сондықтан Иранның осы бөлігінде азық-түліктік бидайға үнемі сұраныс бар. Қазіргі кезде Иранға елдің солтүстіктегі халқын азық-түліктік астықпен қамтамасыз ету үшін оңтүстік егін

егетін аудандардан бидайды солтүстік аудандарға тасуға тура келеді.

Жобаның сомасы: 1080 млн.теңге.

Баку портындағы диірмен кешені

Жобаның мақсаты: астықты қайта өңдеуден алынған өнімді экспортқа шығаруды дамыту.

Әзірбайжан мен Кавказдың басқа елдері бағытына экспортқа шығару Бакуда астық терминалының салынатыны ескерілгенде таяу арадағы екі жылда 0,5 млн.тоннаға дейін өсуі мүмкін. Әзірбайжан аумағында астық терминалының салынуымен астықты теңіз жолымен жеткізу бойынша шығындар азаяды. Бұл жағдайда қазақстандық аграрлар астықтың сапасын ескере отырып Кавказ, Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және ЕҚ аймақтары рыноктарына астықты жеткізуге қатысты ресей компанияларының алдында артықшылыққа ие болуы мүмкін.

Қазіргі кезде осы рынокта астық пен одан өңделген өнімдерді негізгі қоюшы Ресей болып табылады. Жеткізілетін негізгі дақыл ішкі рынокта сапасы жоғары емес ұннан шығарылатын 4 сыныпты азық-түліктік бидай болып табылады. Дегенмен осы ұнның бағасы бір тоннаға 240-245 АҚШ доллары шегінде түрленіп отырады.

Астықты қайта өңдеу өнімдерін іске асырудан болатын перспектива мен қаржылық пайдаларды ескере отырып Баку портында диірмен кешенін салу мүмкін деп есептейміз.

Жобаның сомасы: 405 млн.теңге.

Поти портындағы астық терминалын салу мен жабдықтау

Жобаның мақсаты: астықты қайта өңдеуден алынған өнімді экспортқа шығаруды дамыту.

Поти портындағы терминалды құруға Корпорацияның қатысуы Ақтау мен Баку портындағы астық терминалын бір көлік тізбесіне байланыстыруға мүмкіндік береді, бұл Әзірбайжан мен шектес жатқан елдердің рыноктарында, бірінші кезекте Грузия мен Түркияда қазақстан астығының позициясын нығайту мен күшейтуге жағдай жасайды, сондай-ақ астықты Кавказ арқылы Грузияның қаратеңіз порттарына әрі қарай жылжытуға мүмкіндік береді.

Грузияның географиялық жағдайы - елге Түркия мен Арменияны жалғастыратын транзиттік зона болуға мүмкіндік беретін елдің бәсекеге түсе алатын артықшылығы. Поти және Батуми грузин порттарынан жүкті Трабзон және Мерсин түрік порттарына жеткізуге болады. Арменияға түсетін жүк те Грузия аумағы бойынша өтеді. Соңғы уақытта Түркия мен Грузия арасында коммуникациялық жағынан жақындасу байқалып отыр. Ахалкалаки-Карс арқылы теміржол салу туралы келісімге қол қойылды.

Грузияда теміржол және автомобиль жолдарының желілері көп.

Баку-Тбилиси-Батуми теміржолы Арменияға қарай тармақталып Қара және Каспий теңізі порттарымен ішкі және сыртқы байланысты қамтамасыз етеді. Грузияның батысында жол Қара теңіз жағалауының бойында жатыр. Әскери Грузиялық, Әскери Осетиндік және Әскери Сухуми шосселік магистральдары Грузияны Солтүстік Кавказ ауданымен жалғастырады.

Грузия жыл сайын 500 мың тонна бидайды және 130 мың тонна ұнға дейін импортқа алады. Одан өзге, соңғы жылдары халықаралық ұйымдар азық-түлікпен, тұқыммен, тыңайтқыштармен және отынмен үнемі көмектесіп т ұ р а д ы .

Жыл сайын орташа алғанда Грузияға экспортқа шығару 50-ден 100 мың тонна американ бидайы, 500 мың тоннаға дейін ресей бидайы, орташа 30 мың тонна қазақстан астығы экспортқа шығарылады, барлық ұн көлемі Түркиядан таңдап алынады. Барлық импорт іс жүзінде елге Қара теңіз арқылы келіп түседі. Ресейден жеткізу "Кавказ" портынан (Ресей) "Поти" портына (Грузия) паромдық қатынас арқылы жүзеге асырылады. "Кавказ" және "Поти" порттары арқылы тікелей халықаралық теміржол-паромдық қатынасын іске қосудың мақсаты Ресейден Грузия мен Арменияға жүктерді оңай жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Грузия мен Ресейді жалғастыратын құрылықтағы жалғыз коммуникация жыл бойы кейбір уақытта табиғат жағдайларынан жұмыс істемейтін және жүктердің көп ағымын өткізуді қамтамасыз етпейтін Верхний Ларс шекаралық пункті. Бұл ретте Грузияның трансшиппингтік аумағы және импорттық-экспорттық қозғалыстың дәл көлемдерін бақылаудың қиынға түсетінін еске сала кетейік.

Грузияға жеткізу кезіндегі 3 сыныпты қазақстан бидайы бағасына қатысты мынаны атап өту қажет. Баку СИФ шартымен 1 тонна қазақстан бидайы 152 АҚШ доллары тұрады. (элеваторда бір тоннаның бағасы 183,9 АҚШ доллары болған кезде). Грузияға бұдан әрі тасыған кезде Поти порты СИФ шартымен бір тоннаның бағасы 183,9 АҚШ долларына жетеді. Бұл баға бір тоннаға 185 АҚШ доллары грузиндік ішкі бағадан төмен. Бірақ ресей тарапынан болатын бәсекелестікке төтеп беру үшін бағаны түсіру бойынша қосымша іс-шараларды қолдану қажет. Қазақстан бидайын бағасы бәсекеге түсе алған жағдайда оның грузин рыногындағы көлемі орташа алғанда жылына 100 мың тоннаны құрауы мүмкін.

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстаннан Грузияға экспортқа шығарылған астық

Сатушы- н ы ң атауы	1999	2000	2001	2002	2003	2004	2005
Грузия	5,7	44,5	13,3	18,5	18,5	91,0	13,9

Жиыны:	205,4 мың тонна астық
--------	-----------------------

2005 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Корпорацияның Грузияға экспортқа шығарған астығы

Сатушының атауы	2001	2002	2003	2004	2005
Грузия	0,0	0,0	0,0	7,6	0,0
Жиыны:	7,6 мың тонна азық-түліктік бидай				

Грузияның жыл сайынғы астықты импортқа алу мұқтажы шамамен 800 мың тонна құрайды.

Осы рыноктағы қазақстан астығының негізгі бәсекелестері Ресей мен Украина болып табылады. Алайда бұл елдердегі астық өндірісінің тұрақсыздығы ұзақ мерзімді негізде Грузияның астық рыногындағы позицияларды бекіту мен кеңейту үшін қазақстан астығына алғышарттар құрылады.

Грузияда астық терминалын - өзінше "қазақстандық астық базасын" салу Кавказ елдеріндегі қазақстан астығының "экспорттық" таралымын мақсатты түрде өткізу үшін техникалық шарттарды құруға мүмкіндік береді және Қара теңіз арқылы әлемдік рынокта қайта экспортқа шығаруға жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Грузияда астық терминалы салынатын аса оңтайлы орын Поти порты болып табылады.

Негізгі элементі Грузиядағы астық терминалы болып табылатын қажетті инфрақұрылымды құрған жағдайда жақын арада бұл елдердегі астықтың өніміне қарай Ақтау порты арқылы Кавказ елдері бағытына астықтың 200-ден 500 мың тоннаға дейінгі көлемдегі қазақстан астығының экспортын тұрақтандыруға болады.

Осы жобаны іске асыру Грузияның шаруашылық субъектілерімен тең серіктік жағдайында жүзеге асырылуы қажет, бұл өзінше қазақстан инвестициясы үшін сақтандыру болып табылады және жергілікті рыноктарда қазақстан астығын енгізуді оңай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

"Алтынсарин-Хромтау" теміржол тармақтарын іске қосуды ескергенде Грузияда астық терминалын құру тек қана салыстырмалы түрдегі арзан тарифті қамтамасыз етіп қоймай төменде келтірілген жайлар есебінен Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту үшін қосымша мүмкіндіктерді жасайды.

Жоспарланып отырған астық терминалы Поти портында мына ғимараттардан тұрады:

- жұмыс мұнарасы бар астықты сүрлейтін ыдыс;
- астықты теміржолдан 1 вагонға қабылдау қондырғысы;
- теңіз кемелеріне орналастырылатын стационарлық тиеу

қондырғысы, сондай-ақ жылжымалы пневматикалық қондырғылар;

- электрондық өлшегіштер-мөлшерлегіш;
- диспетчерлік және электр таратқыш пункттер;
- әкімшілік-тұрмыстық корпус және қосалқы үй-жайлар;
- инженерлік желілер;

Элеватордағы секілді (сүрлеу ыдысы, галереялар, норилар, электрондық өлшегіш-мөлшерлегіштер, автоматтық басқару мен бақылау жүйесі) терминалдың барлық негізгі жабдықтары "Brock" америка фирмасынан шығарылған (осындай жабдық Ақтау портындағы астық терминалында орналастырылған).

"NUIERO" германия фирмасы шығарған стационарлық жұмыспен қамту қондырғысы.

Құрылысты салу туралы шешімдер геологиялық жағдайларды, ауданның, Поти теңіз портындағы үй-жайлар мен ғимараттардың сейсмологиясы ескерілетіріп қабылданады.

Терминалдың үй-жайы мен ғимараттарының орналасуы, сондай-ақ инженерлік желілерді салу, теміржолдарын салу қазірде бар теміржолдардың жеке-жеке ғимараттары арасындағы технологиялық байланыстардың және Поти портының жоспарланған аумағымен байланыстыру жағдайларымен анықталады.

Терминал астықты теміржол вагондарынан қабылдауға, сақтауға және теңіз кемелеріне тиеуге арналған. Теңіз кемелеріне астықты тиеудің болжамды көлемі жылына 500 мың тоннаға дейін.

Жобаның сомасы: 1080 млн.теңге.

Астана қаласындағы астық орталығы ғимаратын салу

Корпорация сол жақ жағалауда жаңа әкімшілік орталықта Үкімет пен Қазақстан Республикасының Министрлер Үйімен қатар офистік ғимарат салуды жоспарлап отыр, онда Корпорация мен оның еншілес кәсіпорындары орналасады.

Жобаның сомасы: 1330,68 млн.теңге.

"Сарапшы аграрлық компания" ЖШС-тің жарғылық капиталын ұлғайту

Жобаның мақсаты: Кепілдіктердің орындалуы бойынша қауіпті төмендету мақсатында серіктестікті капитализациялау.

Егіншілерді қолдау мақсатында 2004 жылғы қазанда Корпорацияның еншілес кәсіпорны "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС құрылды. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері рынок конъюнктурасын оқып білу және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қызметі мониторингі ауыл шаруашылығы бизнесін сараптау, кепілдіктерді дайындау мен беру болып табылады.

Нәтижесінде кепілдіктің бағасын азайтуға қол жетті. Атап айтқанда кепілдікті

рәсімдегені үшін берілетін комиссиялармен бірге жобаларды сараптағаны үшін компанияға төленетін сыйақылардың орташа пайызы барлығы 1,18 пайызды құрады. Бұл екінші деңгейдегі банктердің осындай кепілдіктерге алатын пайыздық бағамынан біршама төмен.

Кепілдікке жылжитын, жылжымайтын мүлік қойылған жағдайда шаруаларға кепілдік беріледі. Көбіне олар Корпорациямен жұмыс істеу тәжірибесі және соңғы үш жыл ішінде қаржы-шаруашылық қызметінде оң нәтижелері бар егіншілер. Кепілдіктер берілер алдында ұсынылған бизнес-жоспарларға техникалық-экономикалық және құқықтық сараптама жүргізіліп соның нәтижесінде берілетін қарыздың сомасы анықталады.

Компанияның қызмет ету ережесінде жобаларды сараптаудан өткізу мен кепілдіктерді беру үшін 3 пайыздан аспайтын пайыз бағамы көзделген.

2005 жылы "Сарапшы аграрлық компания" 4,7 миллиард теңгеден аса сомаға кепілдіктер берді. Жекелеген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі - АШТӨ) міндеттерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау қауіптері бар екендігін атап өту қажет. Осындай АШТӨ-нің міндеттемелерін қамтамасыз етуге ұсынылған кепілдіктердің орындалуының қаупін төмендету мақсатында "Сарапшы аграрлық компания" ЖШС-тің активтерін 1 500 млн.теңгеге капитализациялау дұрыс.

Жобаның сомасы: 1500 млн.теңге.

"Астық қоймалары" ЖШС-тің N 2 астық базасында астық сақтау кешенін сатып алу

Жобаның мақсаты: Астықтың көп көлемін қабылдау және астықтың сапасын жақсарту, мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды қамтамасыз ету үшін "Астық қоймалары" ЖШС-тің N 2 астық базасына астықты сақтау сыйымдылығын ұ л ғ а й т у .

"Астық қоймалары" ЖШС-тің даму жоспарының жобасына сәйкес 2006-2008 жылдары астық сақтау қоймаларын нығайту мен қайта жабдықтау бойынша капиталдық сипаттағы жұмыстар жоспарланған, бұл өндіріс үй-жайларындағы шу деңгейін төмендетуге және астықты құрғату үшін дизельдік отын шығысын, өндірістің барлық цикліндегі электр энергиясын азайтуға және атмосфераға зиянды заттарды шығаруды азайтуға және астықты сақтау үшін қосымша сыйымдылық ыдыстарын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

N 2 астық базасындағы қосымша сыйымдылық ыдыстарын ұлғайту үшін астықты сақтауға арналған кешенді орнату және осы кешенге кірмейтін қосымша астық таратқышты орнату қажет.

Металдан жасалған қосымша сүрлеу корпустарын пайдалануға енгізудің мынадай артықшылықтары бар:

1) салмағының аздығы және оны тасымалдау мен монтаждаудың

қ а р а п а й ы м д ы ғ ы ;

2) механикалаудың жоғары дәрежесіне аз жабдықпен қол жетеді;

3) сүрлем кеміргіштер мен құстардан сенімді қорғалған;

4) құрғақ және салқын жерде сақтау кезінде сүрлемдерде насекомдар мен кенелер п а й д а б о л м а й д ы ;

5) астық сапасының нашарламай және шығынсыз астықты ұзақ уақыт сақтау мүмкіндігі (табиғи кему нормасы шегінде).

Одан өзге, өндіріс жабдықтарын қайта жарақтау мақсатында астық кептіргіш және тазалағыш машиналарын сатып алу қажет, оларға кететін шығын 45 млн. теңгені қ ұ р а й д ы .

Серіктестіктің астық базаларында техникалық жабдықтауды жақсарту және технологиялық операцияларға кететін шығындарды төмендету жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің тапсырмасы бойынша "CAFIC" АҚ орындаған активтерді басқарудың тиімділігін талдау жөніндегі есепте баяндалғанын айтып өту керек.

Жобаның сомасы: 254,6 млн.теңге.

Ақтау портындағы астық терминалының тиеу қондырғысын ауыстыру

Жобаның мақсаты: Ақтау портындағы астық терминалының өнімділігін жылына 700-800 мың тоннаға дейін ұлғайту.

Қазіргі кезде Ақтау портындағы астық терминалының ("Ақ Бидай- Терминал" АҚ) өнімділігі барлық жабдықтың техникалық төлқұжатына сәйкес жылына 500 мың тоннаға дейін болады. Нақты жұмыс қуаты - жылына 300-350 мың тонна.

Нақты және төлқұжаттағы өнімділік арасындағы айырмашылық мынаған байланысты, "Брок" америкалық фирмасынан шығарылған терминалдың барлық элеваторлық жабдықтары сенімді және жыл сайын 700-800 мың тоннаға дейінгі астықты өткізуді қамтамасыз етуге қабілетті өнімділігі жоғары жабдық болып т а б ы л а д ы .

Терминалдың теңіз кемелеріне тиеу қондырғысы терминал қызметкерлерінің өз күшімен әзірленген жабдық болып табылады және қазақстаннан шыққан металл конструкциясын пайдалана отырып ресейден шыққан конвейерлер н е г і з і н д е ж а с а л д ы .

Осы тиеу қондырғысын пайдалану тәжірибесі оның жұмыс өнімділігі сағатына 150-160 тоннаны құрайтынын көрсетті ("Брюко") жабдығының өнімділігі сағатына 350 мың тонна) және соған орай жылдық өнімділігі 300-350 мың т о н н а д а н а с п а й д ы .

Одан өзге, тиеу қондырғысының металл конструкциясы терминал жалға алған жер учаскесінің құрамына кірмейтін Ақтау портындағы N 6 айлақ аумағында тұр. Бұл факт терминалды бөлшектеу қажеттігін талап етіп отыр ал оны бөлшектеу терминалды мақсатты пайдалану мүмкін болмай қалуына әкеп

с о қ т ы р а д ы .

Қазіргі кезге дейін терминалдың өнімділігі қазақстандық астығын экспортқа шығарушылардың қажеттіктерін қамтамасыз етіп келді.

2006 жылы Баку портындағы астық терминалының құрылыс жобасын (жобаның бірінші кезегінің қуаты - жылына 150-300 мың тонна), сондай-ақ Грузия мен Ирандағы терминалдарды салу жобаларын іске асыру Ақтау портындағы астық терминалы өнімділігінің күрт өсіруді талап етеді.

Ақтау порты арқылы Әзірбайжан, Грузия және Иран бағыттарына қазақстан астығын экспортқа шығарылуы мүмкін жалпы көлем жыл сайын 2 млн.тоннаға д е й і н қ ұ р а й д ы .

Жоғарыда көрсетілген жобаларды іске асыруды ескергенде 2008-2009 жылдарға Ақтау портындағы терминал арқылы болуы мүмкін экспорттың жалпы көлемі жылына 700-900 мың тоннаны құрайды.

Осы жобаны іске асыру нәтижесінде Ақтау порты Әзірбайжан, Грузия және Иран рыноктарында қазақстан астығын экспортқа шығарушылардың мүддесін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы инфрақұрылымы құрылады.

Жоба сомасы: 200 млн. теңге.

Ақтау қаласындағы диірмен кешенін салу

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысында қазіргі заманғы диірмен кешенін қ ұ р у .

Қазіргі уақытта Маңғыстау облысы қандай да бір астықты қайта өңдеу кәсіпорындары жоқ Қазақстан Республикасындағы жалғыз облысы болып т а б ы л а д ы .

Облысты ұнмен және астықтан өңделген өнімдермен қамтамасыз ету елдің басқа аумақтарынан жеткізу есебінен жүзеге асырылады, бұл республикадағы ең жоғары бағаның қалыптасуына әкеп соқтырады. Ал осы өнімдер біздің еліміздің көпшілік тұрғындарының азық-түліктік балансының негізі болып табылады.

Маңғыстау облысы демографиялық жағынан елдің ең тез дамып келе жатқан аумағы болып табылады және астықтан өңделген өнімдерге деген қажеттілік ү н е м і ө с і п о т ы р .

Аймақтың негізгі проблемалары сондай-ақ мал шаруашылығын дамыту үшін жеткілікті өз мал азығының жоқтығы болып табылады.

Осы жобаны іске асыру нәтижесінде Маңғыстау облысында қуаты жылына 22,5 мың тонна қазіргі заманғы астықты қайта өңдеу комбинаты құрылады, бұл осы аймақты астықтан өңделген сапасы жоғары өнімдерді қамтамасыз етуге және олардың бағаларының деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Жобаның сомасы: 470 млн.теңге.

Уақытша басы бос ақша қаражаттарын басқару сұлбасы

Корпорация уақытша басы бос ақша қаражаттары бар болған кезде ақшаны "Мемлекеттік шаруашылық кәсіпорындары мен акциялар пакеті мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың қаржы қызметін сатып алуының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 960 қаулысына сәйкес орналастыру мерзімі мен бағамдары бойынша талаптары Корпорация үшін аса пайдалы депозиттерге және қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына орналастырады.

2.3. Компанияны инвестициялық дамыту жоспары

Корпорацияның негізгі инвестициялық саясаты орта мерзімді кезеңде қазақстан астығын өткізу рыноктарын кеңейту, оны экспортқа шығару көлемін ұлғайту, мақта өндірушілерге қолдау көрсету, сондай-ақ компанияның әрі қарай дамуы үшін Корпорацияны капитализациялау деңгейін ұлғайту болып табылады.

Корпорация алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мына міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етуі қажет:

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, оның ішінде мақта өндірушілердің көктемгі-жазғы және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру;

Оңтүстік Қазақстан облысында мақтаны қайта өңдеу зауытын салу;

Ақтау теңіз портының астық терминалын дамыту;

Баку портында қабылдау астық терминалын салу;

Корпорацияның 2006 жылға арналған инвестициялық қажеттігі 5000 млн.теңгені құрайды. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері республикалық бюджет қаржылары болып табылады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландырудан күтіліп отырған нәтижелер

